



МЕМОРАНДАРДЫҢ
БАНК ҚҰПИЯСЫН
БҰЗУ ЖӨНІНДЕ
ТАЛАБЫ ЗАҢСЫЗ

3-бет



АҚАҢНЫҢ
АМАНАТЫ

10-бет



ОТЫЗҒА
ЖЕТПЕЙ-АҚ
ОРДА БҰЗҒАН...

16-бет

ҚАЗАҚҰНИ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№40-41(1169-1170) 06.10-13.10.2025



БАТЫРЫМ,
МӘЛІК БЕРЕНИМ...

Мәлік Ғабдуллиннің күллі ісі, рухы, жүріп өткен жолы, тағдыры, ниет-пиғылы, үлкен әріппен жазылатын Адамдық тұлғасы жер басып жүргендерге теңестіруге келмейтін заңғар тау. Ол қаһармандық, батырлық іс-қимылдарымен, терең ғылыми ізденістерімен, ұстаздық, санаткерлік ерен еңбегімен, қаламгерлік қабілет-дарынымен, жан дүниесінің кіршіксіз мөлдір тазалығымен, кісілік мейірім-қасиеттерімен, ақыл-парасатымен өзгешеленетін тарихи тұлға.

8-9
бет



ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ О.БЕКТЕНОВКЕ

НАЗАРБАЕВТЫҢ «ШЕКАРАНЫ ШЕГЕНДЕП ҚОЙДЫМ» ДЕГЕНІ ҚАЙДА?

Кеден — елдің келбеті! Кедені қандай болса, елі сондай! Шекарасы қандай болса, шебі сондай! Кеден — ел дәулетін қадағалап, экономикасын өсіретін қақпа болуы тиіс, жемқорлықтың ордасы емес. Шекарамыз — мемлекеттің берік қорғаны болуы тиіс! Біз жақында Тәуелсіздігіне 34 жыл болған елдің шекаралары мен кедендерінің қандай күйде екенін көзімізбен көріп келдік.

4
бет



Кейінгі жылдары Қазақстан әлемдегі экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы елдердің қатарына жетеді деген ұранды барша жұрттың құлағына құйып құлшынуымыздың түбінде әсірелік (авантюра) жатқан сияқты. Кейбіреулердің, тіпті, аз уақыттың арасында осы елу елдің өкшесін басып отырмыз дегенді де айтып жүргені баршылық. «Жаксы сөз — жарым ырыс» дейді халқымыз, илайым солай болсын, дәулетті ел қатарлы өмір сүру кімге ұнамайды. Біздің қазақ бабалар даналығын қадірлейтіндіктен Аяз бидің: «Аяз әлінді біл, құмырсқа жолынды біл» деген тәмсілін еске сақтап, әр кезде шалыс қадамнан сақтанатыны белгілі.

Қазақ елі аяғынан енді тұрып келе жатқанда «әлін білмеген әлектің» кебін киіп, көршілерге күлкі болмаймыз ба дегенді ойлау қажет. Осыған байланысты бүгінгі күні қарапайым халықтың қалыптасып отырған ахуалын біраз таразыдан өткізіп көрсек. Оның нәтижесі көңілді қанағаттандыра қоймады.

Мысалы, біз қатарына жетсек деп отырған елдердегі өз табыстарымен күн көретіндер мен еліміздегі қарапайым адамдардың жағдайын салыстыруға болмайтын көрінеді. Біздің елде азық-түлік қоржыны бойынша әр адамның ең төменгі күнкөріс деңгейі (минимумі) 43 тауар мен қызметтен құралып, жалпы сомасы 17439 теңге деп белгіленген. Біз қа-

КЕДЕЙШІЛІК ШЕГІН ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙМЫЗ?



7
бет

тарына қосыламыз деп жүрген елдерде ең төменгі деңгейде өмір сүру үшін бір айға қажетті тауар мен қызмет түрі Германияда — 475, Англияда — 350, АҚШ-та — 300 құрайды екен. Ал, кішкентай Люксембург мемлекетінде айына 1545,83 евро (яғни — 282887 теңге) табыс таппайтындарды тұрмысы төмендерге жатқызса, Данияда — 1208,08 евро (221079 теңге), Ирландияда — 11436,66 еуродан (209839 теңге) кем табысы барлар тұрмысы нашарлар қатарында есептелетін көрінеді.

Егер де еліміздің статистика агентінің ұсынып отырған төменгі қажеттілікті көрсететін азық-түлік қоржынының қалай жұмсалатынын жобалағанына көңіл аударсақ, 17439 теңгенің бір айда 3540 — ет, балық сатып алуға, 2580 — сүт, май

және жұмыртқаға, 2546 — жеміс пен көкөніске (картоп осының ішінде), 1343 — нан, жарма өнімдеріне, 455 теңгесі қант, шай және басқадай дәмге арналған көрінеді. Сонда, бір айда бір адамға 10464 теңгеден келеді екен де, орта есеппен күніне 573,33 теңгеге тамақтануды қанағат тұтуы тиіс екен. Қалған 6075 теңгені бір айда күнделікті тұрмысқа қажет заттарды сатып алуға, қоғамдық көлікпен жүруге, коммуналдық қызметтерді өтеуге, дәрі-дәрмек, киім-кешек алуға және тағы басқа да өмірде туындап жататын қажеттерге жұмсауға арналған. Ал адамдардың тұрмысының маңызды бөлігі болып табылатын баспана мәселесі мүлде ескерілмеген.

Басы. Жалғасы 7-бетте



ЧЕЛОВЕК
СОЗДАЁТ
СЕБЕ
ПОДОБНЫХ
ВМЕСТО
ПРИРОДЫ И
ВСЕВЫШНЕГО?

12
бет



ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫН
ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН
ҚАҚПАШЫЛАР

6
бет

ҚАРАҒАНДЫДА ЖАҢА ЖОБАЛАР ІСКЕ АСАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевты қабылдап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысты.

Биылғы сегіз айда облыста 3,2 трлн. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, көрсеткіш 7%-ға артты. Өңдеу өнеркәсібі, металлургия, машина жасау, ауыл және тамақ өнеркәсібі дамып келеді.

Инвестиция көлемі 644,7 млрд. теңгеге жетіп, 29 жоба жүзеге асырылуда, нәтижесінде 2 700 жаңа жұмыс орны ашылады. 2030 жылға дейінгі жоспар бойынша құны 4,5 трлн теңгелік 120 жоба іске қосылып, 20 мыңнан астам жұмыс орны құрылады.

Ауыл шаруашылығында екі ірі сүт фермасы салынып, өңірдің сұранысын толық қамтамасыз ету көзделген.

«Qazmet» АҚ сегіз айда 110 млрд теңге инвестиция салып, шойын, болат және илем өндірісін арттырды. Кәсіпорын табиғи газға көшу және еңбек қауіпсіздігін күшейту жұмыстарын жүргізуде.

Кездесу соңында Президент аймақты одан әрі дамыту, жылмен қамту және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде тапсырмалар берді.



ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Көкшетаудағы «Болашақ сарайында» Ұстаздар күніне арналған салтанатты жиын өтті. Оған 500-ге жуық мұғалім, ардагер ұстаздар және білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов педагогтерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, ұстаз еңбегінің қоғамдағы ерекше орнын атап өтті. Оның айтуынша, білім беру — ұлт болашағының негізі, ал ұстаздар — сол іргетасты қалаушылар.

Бүгінде өңірде 23 мыңнан астам ұстаз еңбек етуде. Олардың арасында халықаралық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары да бар. Мәселен, қосымша білім беру педагогі Ольга Шульгина «Ал-

тын жүрек» байқауының жеңімпазы атанса, психолог Аслан Манатов екі мәрте «Қазақстанның үздік психологы» атанды.

Салтанатты жиын барысында облыстың 44 ұстазы түрлі марапаттарға ие болды. Кейбірі ордендер мен медальдарға, енді бірі құрметті атақтар мен ақшалай сертификаттарға қол жеткізді. Жақында Ақордада Мемлекет басшысы да көкшетаулық екі педагогке мемлекеттік награда табыс еткен болатын.

Жиын мерекелік концертпен аяқталды. Сол күні ұстаздық — жай ғана кәсіп емес, жас ұрпаққа деген шексіз махаббат пен жауапкершілік екені тағы бір мәрте дәлелденді.

ДӘРІГЕРЛІК ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚҚА ЖОҒАРЫ САНАТ БЕРІЛДІ

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына медициналық көмектің сапа стандарттары бойынша жоғары санат берілді. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігі мәлім етті.

— Орталықта жыл сайын туа біткен жүрек, асқазан-ішек жолдарының және күрделі тамырлық кемістіктерді түзету бойынша бірегей араласулар, сүйек кемігін трансплантаттау және эндоваскулярлық операциялар, соның ішінде ашық жүрекке жасалады. Хирургиялық емдеудің өзіндік әдістерін енгізу нәтижесінде туа біткен кемістіктері бар жаңа туған нәрестелердің өмір сүру пайызы 87%-ға жетті, ал асқазан-ішек жолдары аурулары мен Гиршпрунг ауруы кезінде қалпына келтіру 98% жағдайда қамтамасыз етіледі, — деп жазды

ведомстводан.

Онкология және гематология бөлімшесінде жыл сайын 2500-ден астам бала емделеді. Бұл ретте 2012 жылдан бастап гемопоэздік дін жасушаларын трансплантаттау енгізілді. Орталық балалар жасындағы ауыр ауруларды емдеудің халықаралық хаттамаларын белсенді қолданады, заманауи гендік-инженерлік биологиялық препараттарды және аз инвазивті хирургиялық әдістерді қолданады.

Орталықта заманауи жабдықтар, клиникалық-диагностикалық зертхана және консультациялық-диагностикалық блок бар. Мұнда 165 дәрігер жұмыс істейді, олардың ішінде 7 медицина ғылымдарының докторы, 31 медицина ғылымдарының кандидаты және 3 PhD



докторы бар. Мамандар әлемнің жетекші клиникаларында оқытылады және тағылымдамадан өтеді және Германия, Ресей,

Украина, Италия, Түркия медициналық орталықтарымен ынтымақтастықты қолдайды.



АЛМАТЫДАН ҚЫЗЫЛОРДАҒА ДЕЙІН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЭСТАФЕТА БАСТАЛДЫ

Алматы облысы Тарғап ауылында «Taza Qazaqstan» атты экологиялық гoad-эстафета басталды. Бір аптаға созылатын шара барысында қатысушылар Алматы, Шымкент және Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары арқылы мың шақырымнан аса жолды жүріп өтеді.

Эстафетаның мақсаты — жаңа экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғат пен тарихи мұраға құрметті арттыру. Қатысушылар коқыс жинаумен қатар, халықпен кездесулер, жастарға арналған ашық алаңдағы шаралар, қоғамдық қабылдаулар ұйымдастырады. Сонымен бірге «Вандализмге жол жоқ!» жобасы аясында Сауран қалашығы, «Ақыртас» сарай кешені, «Бірлік» монументі сияқты тарихи нысандар тазартылып, абаттандырылады.

Экология вице-министрі Мансұр Ошурбаевтың айтуынша, мұндай бастамалар Қазақстанды «жасыл елге» айналдыруға үлес қосады. Эстафета кезінде жиналған қоқыс арнайы полигондарға жеткізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ О. БЕКТЕНОВКЕ

«АҚ ЖОЛ» ИНДУСТРИЯЛДЫ СЕРТИФИКАТТАР ҚОЛДАНЫСЫН ҰЗАРТУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

«Ақ жол» демократиялық партиясына бірқатар отандық өнеркәсіп өкілдері мен салалық қауымдастықтар отандық тауар өндірушілердің тізілімі төңірегіндегі жағдайға алаңдаушылық білдіріп жүгінді. Осыған орай «Ақ жол» өндірушілер тізілімін енгізуді кейінге шегеріп, индустриялды сертификаттар қолданысын ұзартуды талап етті. Бұл туралы депутаттық сауалды партия төрағасы, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев жолдады.

Белгілі болғандай, Үкіметтің ұсынысы бойынша «Өнеркәсіптік саясат туралы» заңда СТ-KZ және Индустриялық сертификаттардың орнына аталған Тізілімді құруды көздейтін нормалар қабылданды.

Көп жағдайда өнімнің нақты өзіндік құнынан тыс шығындар арқылы жасанды түрде қымбаттатылып келген айырмашылықтың орнына жаңа механизм технологиялық операцияларды меңгеруді растауға негізделген. Бұл тәсіл өзінің тиімділігін автокөлік жасау және ауыл шаруашылық машиналарын жасау салаларындағы өнеркәсіптік құрастыру келісімдері аясында дәлелдеді. Депутаттар бұл әдісті кәсіп-

орындардың құзыретін арттыру мен техникалық жаңғыртуға ықпал ететін жол ретінде қолдады.

Алайда реформаны жүзеге асыру барысы елеулі алаңдаушылық туғызуда.

Мәлім етілген жоспар бойынша Өнеркәсіп министрлігі 2025 жылғы 1 шілдеге дейін Тізілімді қалыптастыру критерийлерін және өтініш берушілерді цифрлық верификациялау тетіктерін әзірлеуі; салалар бойыша технологиялық операциялар тізбесін бекітуі; ақпараттық жүйені тестілеуден өткізуі тиіс болатын.

Келесі кезеңде бизнестен жүйені сынақтан өткізу қорытындылары бойынша кері байланыс алу, қажетті түзетулер енгізу және Тізілімді техникалық тұрғыда іске қосу қарастырылды. Ал 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жүйе толық көлемде жұмыс істеп, «Атамекен» ҰКП берген Индустриялық сертификаттар мен СТ-KZ-дің күші жойылуы қажет еді.

Алайда, бүгінгі күнге дейін жоспарланған 100 критерийдің 70-тен астамы әзірленбеген, яғни дайындық деңгейі 30%-дан аспайды. Оның ішінде кейбір критерийлер өндірістік

сипаттамаларға мүлдем қатысы жоқ, тек салықтық немесе экспорттық көрсеткіштерге сүйенеді. Бұл жағдай көптеген отандық өндірушілерді Тізілімнен тыс қалдырады.

Мысалы, салықтық мониторингте болу талабы жүйені тек ірі компанияларға бағыттайды; сондай-ақ барлық кәсіпорындар өнімін экспорттамайды, бірақ олар да отандық өндірушілер болып табылады.

Технологиялық компаниялар өндірістік желілерге камера орнату талабына қатысты ерекше алаңдаушылық білдіруде. Мұндай шаралар коммерциялық құпия мен технологиялық шешімдерге авторлық құқықты қорғау қағидаттарына қайшы келеді және өнеркәсіптік тыншылық аймағы ретіндегі еліміздің беделіне қауіп төндіреді.

Сонымен бірге, бұл талап техникалық реттеу саласындағы заңнама нормаларына қайшы: мемлекет өнімді тек оның айналымға шығарылу кезеңінде бақылауға құқылы, ал өндіріс процесіне араласуға болмайды.

Әсіресе бейнемониторинг агрессивті технологиялық процестері бар өндірістерде және қорғаныс максатындағы өнімдер



шығаратын кәсіпорындарда мүлдем орынсыз.

Отандық өнеркәсіпшілер технологиялық операцияларды іріктеу әдістемесіне де күмән келтіруде, сондай-ақ әлі күнге дейін шешімін таппаған басқа да мәселелер бар.

Сонымен қатар заңның күшіне енуіне бір ғана тоқсан уақыт қалды.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық берілген Индустриялық және СТ-KZ сертификаттарының күші жойылады, ал мындаған отандық өндірушілер мемлекеттік тапсырыс пен ұлттық компаниялар нарығына қолжетімділіктен айырылуы мүмкін. Бұл өз кезегінде өндірістік бағдарламалардың орындалмауына, жұмыс орындарының қысқаруына және бюджет түсімдерінің азаюына тікелей қауіп төндіреді.

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясы қажетті деп санайды:

1. «Өнеркәсіптік саясат туралы» заңдағы Отандық тауар

өндірушілер Тізілімін құруға қатысты нормалардың күшіне енуінің өтпелі кезеңін кемінде 2026 жылғы 1 шілдеге дейін ұзарту;

2. Тізілімді іске асыру жұмыстары барысында Индустрия және құрылыс министрлігін отандық өнеркәсіп мүдделері мен ұсыныстарын барынша ескеруге міндеттеу;

3. Бұрын берілген Индустриялық сертификаттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін олардың күшін сақтап қалу;

4. Сондай-ақ ұзартылған өтпелі кезең аяқталғанға дейін берілген СТ-KZ сертификаттарының да қолданылуын қамтамасыз ету.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары:
А. Перуашев
Д. Еспаева
Қ. Иса
Е. Барлыбаев
С. Ерубаев
О. Нұралдинов



Меморгандардың банк құпиясын бұзу жөнінде талабы заңсыз. Бұл жайлы депутаттық сауалды «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаты Серік Ерубаев жолдады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған хабарламаларға сәйкес, азаматтар мен бизнестің банк шоттары, ақша қозғалысы және қалдықтары туралы ақпаратқа мемлекеттік кірістер органдарының толық әрі тұрақты қол жеткізуге мүмкіндік беретін бастаманы Қаржы министрлігі белсенді түрде жылжытуда.

Ағымдағы жылдың 12 қыркүйегінде «Ашық НҚА (нормативтік құқықтық актілер)» порталында «Банк шоттары-

ның бар-жоғы және олардың нөмірлері, осы шоттардағы ақшаның қозғалысы мен қалдығы туралы мәліметтердің нысандарын бекіту туралы» Қаржы министрінің бұйрығының жобасы орналастырылған.

Ол жобаны қабылдау мақсаты, салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру және салықтық тәуекелдерді уақтылы анықтау болып айқындалады делінген.

Алайда, бұл хабарламада құжаттың толық мәтіні орналас-тырылмаған.

Осыған байланысты, «Ақ жол» демократиялық партиясына азаматтар мен кәсіпкерлерден мемлекеттік араласудың мұндай әрекетіне алаң-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ О. БЕКТЕНОВКЕ

МЕМОРГАНДАРДЫҢ БАНК ҚҰПИЯСЫН БҰЗУ ЖӨНІНДЕ ТАЛАБЫ ЗАҢСЫЗ

даушылық білдірген өтініштер келіп түсуде.

Өйткені, бұл бастама тек Конституция мен заңдарға қайшы келіп қана қоймай, сонымен бірге азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарына тікелей қол сұғушылық болып табылады.

Біріншіден, ҚР Конституциясының 18-бабы, әркімнің жеке өміріне қол сұқпаушылықты және салым құпиясын қамтамасыз етеді. Бұл құқықтар тек заңмен және ерекше жағдайларда ғана шектелуі мүмкін.

«Жалпы қолжетімділікті» заңнан төмен деңгейдегі актімен заңдастыру әрекеті

— Конституцияны айқын бұзу және құқықтық нигилизмнің көрінісі.

Екіншіден, «Банктер және банк қызметі туралы» заңның 50-бабында банктік ақпаратты ашу жағдайлары қатаң регламенттелген. Ал Қаржы ми-

нистрлігі, заңға тәуелді актімен, заңның өзін жоққа шығаруды ұсынып отыр.

Осылайша, Қаржы министрлігінің бастамасы заңмен бекітілген банк құпиясына қайшы келіп отыр.

Мұндай әрекет келесідей кері салдарға әкелуі мүмкін:

Бірінші. Ол азаматтардың банк жүйесіне деген сенімнің әлсіреуі және бизнестің жаппай «көленкеге» кетуі;

Екінші. Деректерді жымқыру фактілері бұрыннан бар екенін ескерсек, жеке ақпараттың таралуы мен теріс пайдалану қаупінің өсуі;

Үшінші. Құқықтық мемлекет қағидаттарының бұзылуы және азаматтарды жаппай бақылау тетіктерінің қалыптасуы;

Төртінші. Банктік және коммерциялық құпия қорғалмаған ел ешбір инвесторды қызықтырмайтындықтан, инвестициялық климаттың нашарлауы.

Жоғарыда баяндалғандарға сай, «Ақ жол» ДПК фракциясы келесіні талап етеді:

1) Азаматтар мен бизнес шоттарына қосалқы актілер арқылы мемлекеттік кірістер органдарының қолжетімділігіне жол бермей, бұл мәселе қазіргі уақытта Парламентте қаралып жатқан заң жобасы аясында талқыланысын;

2) Банктік ақпаратқа қолжетімділікті беру, ешқандай өзге жолмен емес, тек сот шешімдері немесе құзыретті органдардың дәлелді талаптары негізінде ғана қатаң түрде бекітілсін.

Құрметпен,
«Ақ жол» ҚДП фракциясының
депутаттары
С. Ерубаев
А. Перуашев
Д. Еспаева
Е. Барлыбаев
Қ. Иса
О. Нұралдинов

Жақында Жолдауда еліміздің транзиттік және көлік әлеуетін арттыру — мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі екеніне ерекше тоқталған Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев: «Еліміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Бұл — бізге әлемдік бәсекеде зор мүмкіндік беретін артықшылық. Сондықтан көлік инфрақұрылымына салынып жатқан әрбір инвестиция өзін-өзі ақтайтыны сөзсіз» — деп нақты атап айтты.

Шекарадағы заманауи көлік дәліздері мен өткізу инфрақұрылымын дамыту Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, экспорттық әлеуетін ұлғайтудың және еліміздің Еуразиядағы транзиттік торап ретіндегі орнын нығайтудың басты негізі болуы тиіс.

Ал шын мәнінде, елдің ең маңызды қақпаларының бірі — Қытаймен шекарадағы «Бакты» кеден бекетінің жағдайы ұлттық мүддеге мүлде сай келмейді. Бекеттің мүшкіл жағдайын, сыртқы экономикалық саудаға қатысушылардың және отандық автокөлік компанияларының шағымдары бойынша барып, өз көзімізбен көріп қайттық.

2023 жылдың қаңтарынан басталған кеденді жаңғырту жұмыстары бүгінде әлі толық бітпей, созбақталып келеді. Абай облысындағы сметалық құны 15 млрд. 979,5 млн. теңге болатын жоба бойынша, өткізу пункті халықаралық стандарттарға сәйкес заманауи техникалық жабдықтармен қамтылуы тиіс еді. Жолаушылар үшін бөлек терминал салынып, «жасыл» және «қызыл» дәліздер енгізілуі, автокөлік жолақтарының саны екіден алтыға дейін көбейтілуі, барлық кедендік процестерді толық автоматтандыру және кедендік рәсімдеу мен бақылаудың ақпараттық жүйелері арасындағы интеграция болады деп жоспарланған.

Ал біздің көргеніміз, әлі күнге дейін қарапайым тұрмыстық жағдайлар жасалмаған. Интернет дұрыс ұстамайды, электр сөніп қалады. Жүк құжаттарын рәсімдейтін брокерлер отыратын әр кабинетте баяғы өткен ғасырдың ортасында құмдағы шопандар электр үшін ұстайтын моторлар тұр...

Кеденшілер мен шекарашыларға арналған заманауи ғимараттар салынбаған.

Инфрақұрылымды дамыту үшін 3000 гектар жер бөлінгенімен, құрылыс іс жүзінде маңдымай тұр. Жүргізушілердің шағымы да орынды: арнайы автотұрақ жоқ, қонақүй жоқ, тұрмыстық қажеттілікті өтейтін орындар, қарапайым әжетхана мен кофис жәшіктері жоқ. Мұның бәрі халықаралық деңгейдегі шекара бекетіне мүлде лайықсыз!

Бакты кеденін жаңғырту жұмыстары өткен 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Бірақ, қаржыландыру толық көлемде жүргізілмей, осы жылдың соңына дейін шегеріліп отыр. Бірақ, біз көрген құрылыс биыл, енді үш айдың ішінде біте



Кеден — елдің келбеті! Кедені қандай болса, елі сондай! Шекарасы қандай болса, шебі сондай! Кеден — ел дәулетін қадағалап, экономикасын өсіретін қақпа болуы тиіс, жемқорлықтың ордасы емес. Шекарамыз — мемлекеттің берік қорғаны болуы тиіс! Біз жақында Тәуелсіздігіне 34 жыл болған елдің шекаралары мен кедендерінің қандай күйде екенін көзімізбен көріп келдік.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ О.БЕКТЕНОВКЕ

НАЗАРБАЕВТЫҢ «ШЕКАРАНЫ ШЕГЕНДЕП ҚОЙДЫМ» ДЕГЕНІ ҚАЙДА?



қалады дегенге, бір ғажайып болып кетпесе, ешкім сенбейтін шығар?!

Себебі, біріншіден, бюджет қаражатын нақтылау процесінің өзі екі жылға созылып кеткен, әлі бітпей жатыр. Екіншіден, жобаға тапсырыс беруші Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитеті бекітілген қаржыны әлі толық бөлмеген.

Соңғы екі жыл бойы елдің шетінде, желдің өтінде өз қаражаты есебінен құрылыс жұмыстарын жалғастыруға мәжбүр болып жатқан компания құрылысшыларына рахмет.

Мемлекеттік маңызы зор стратегиялық нысанға қаржыны уақытында бөлмеу — жай салғырттық қана емес, ел экономикасына зор тосқауыл!

Жалпы, біздің көзіміздің жеткені кеден мен шекара қызметінде бірлескен кешенді бір бас жоспар жоқ.

ЕКІ ЕЛДІҢ КЕДЕНДЕРІНІҢ АРАСЫ ЕКІ ШАҚЫРЫМ ЕМЕС — ЕКІ ҒАСЫР...

Шекараның ар жағында жасампаздықпен жалауы биіктеген Қытайдың заманауи инфрақұрылымымен жарақтанған Шәуешек қаласы жарқырап тұрса, біз жакта әлі күнге дейін темір контейнерден құралған «бекет» қана қызмет етуде.

Тіпті, ол әйгілі қаланы айтпағанда, шекараның дәл іргесіндегі Тарбағатай (Тәжен) ауылында пандемияның екі жылының өзінде 28 көп қабатты

тұрғын үй салып, тұтас жаңа қала тұрғызып тастаған. Көкпен таласқан зәулім ғимараттар Қазақстанның құрылысы бітпей, шаңы шығып жатқан кедей кедені мен жалғыз будкалы шекарасына шекесінен қарап, қасқайып тұр... Біз жакта көзге ілінер емге бір ғимарат жоқ, Қазір өткізіп жатқан кеден бекеті бір жатаған жатаған жай. Оның өзін бір кезде Қытай елі салып берген екен...

Бұны — Тәуелсіз Қазақстанның келбеті деп қалай айтуға болады?!

Яғни, Қазақ Елі мен Қытайдың шекара бекеттерінің арасында екі шақырым емес ... екі ғасыр жатыр?!

Негізі, Абай облысының географиялық мүмкіндігі зор. Қытайдан Ресейге өтетін транзиттік жолдардың дәл ортасында орналасқан бұл өңір сауда-логистикалық орталық болуға әбден лайық. Бірақ, ондай әлеуетті біздің Үкімет дұрыс пайдалана алмай отыр. Бюджетке түсетін миллиардтаған қаржыдан айырылып, кәсіпкерлеріміз әділ наразылық білдіруде.

Сонымен қатар, жүргізушілердің айтуынша, қазіргі таңда көлік қозғалысы бір жолақпен ғана жүзеге асып отыр.

Бакты автомобиль өткізу пунктінің бір жылдағы өткізу мүмкіндігі қазір іс жүзінде 21 900 деп, ал жоспар бойынша кеден құрылысы біткенде 182 500 көлік өтеді деп көрсетілген. Сонда кеден құрылысын бір жыл ғана кешіктірудің кесірінен қосымша

160 600 көлік шекарадан өтпей қалды... Бұл қазынамызға түсетін қаншама млрд-тардан қағылып отырмыз деген сөз!

Осы жерде тағы бір аса маңызды мәселе — транзиттік көліктердің 90 пайызы Ресей мен Беларусь компанияларына немесе олардың Қазақстанда тіркелген еншілес кәсіпорындарына тиесілі. Қазақстандық нөмірдегі көліктердің өзінде жүргізушілер — шетел азаматтары. Біздің елдің жүк тасушыларына отбасын асырап отырған жалғыз жүк көлігін қаңтарып қойып, қаптаған өзге елдің фураларының шеруіне қарап отыру қандай ауыр? Сонда 16 млрд-тық кеден құрылысын өзіміз үшін емес, шетелдіктер үшін салып жатырмыз ба?!

Бұл — барып тұрған әділетсіздік, әрі ел мүддесіне қайшылық! Дәл осындай қазақстандық жүргізушілерге басымдық жасау бұрын «Қорғас» кеденінде де болып, жергілікті тасымалдаушылардың наразылығымен кейін шетелдік ірі логистикалық фирмалар «Бакты» мен «Достық» кедендеріне ауысқан дейді жүргізушілер.

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясының Үкіметке сұрақтары:

1. «Бакты» автомобиль өткізу бекетінің құрылысы не себепті бірнеше жылға созылып кетті?

2. Неге жоба қаржысы өз мерзімінде төленбей, мердігер компанияның өз қаражаты есебінен жұмыс істеуге мәжбүр болуға жол берілді?

3. Құрылыс жұмыстарының нақты қашан толық аяқталады?

4. Жауапты лауазымды тұлғаларға қандай шара қолданылады?

5. Қазақстандық тасымалдаушылар үлесін арттыру үшін қандай жағдайлар жасалып жатыр?

БАТЫСТА ШЕКАРАНЫҢ 81 ШАҚЫРЫМЫ ҚОРШАУСЫЗ...

Шығыс қақпасындағы жағдай осындай қиын болса, Батыстың шекарасын көрсен, Шығыспен жылап көрісесін. Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданы Ресей Федерациясының Саратов облысының Александров-Гай және Новоузенск аудандарымен шекаралас орналасқан. Шекаралық аймақ Казталов, Қайыңды, Болашақ, Қошанкөл, Қараоба ауылдық округтері (Казталов, Сексенбаев, Бозоба, Қайыңды, Болашақ, Көпкүтір, Қошанкөл, Ордабай, Қараоба елді мекендері) аумағы арқылы өтеді, жалпы шекара ұзындығы 182 шақырымды құрайды. Соның ішінде 43 шақырымы қоршалған, 81 шақырымы ешқандай қоршалмаған, ашықтан ашық жатыр. (Шекараның қалған 58 шақырымы су арқылы өтеді.) Бір қыста 2 мыңдай жылқы шекарадан өтіп кеткен? Шығыс Қазақстанның Қатон-Қарағай ауданында да қаншама қоршаусыз шекарадан қаншама мал көрші елге өтіп кетіп, қайтпай жатыр? Шекара деген құс өтпесе, басқасы өте алмайтын берік қорған болмай ма? Үйірімен жылқы, табынымен сиыр өтіп жүрген жерде қандай шекара бар?!

Ешқандай қоршауы жоқ ашық даланы «мемлекеттік шекара» екен деп ойламай, өтіп кетіп, шекараның жоқ екенін әшкерелеп жатқан жылқыларға еш өкпелеуге болмайды... Осы

уақытқа дейін шекара салмаған өзімізге өкпелеуіміз керек...

Күн көріп отырған малы шет-елдің жеріне жайылып кетіп, жойылып кете бергесін, күйіп кеткен малшылар шекараны өздері салып алуға, сым тартып, қоршау жасауға аудан, облыс әкімдіктеріне арыз түсіріпті... Малшылар «шекараны өзіміз салып алайық» деп арыз жазып жүрсе, сонда елді30 жыл билеген экс президент Назарбаевтың «шекараның бәрін шегендеп, тас қылып тастадым» дегені қайда?!

ҚОРШАУЫ ЖОҚ ШЕКАРА – ҚОРҒАУЫ ЖОҚ ЕЛДЕ БОЛАДЫ...

Қоршаусыз жатқан 81 шақырым жердің көлемі қандай? Мұнай мұкитынан тамшы ғана тамып отырған біздің ел секілді емес, мұнайымен халқы мұртын майлап, шалқып, жайнап отырған Кувейт елінің батыстан шығысқа дейін ені 170 шақырым?! Тағы бір мұнайының қызығын халқы көріп отырған Катар елінің ені 80-90 шақырым? Барыс боламыз деп талыс болмай, нағыз Азия жолбарысына айналған Сингапур елінің ені 27 шақырым, ал ұзындығы 50 шақырым. Сонда біздің ашық жатқан шекарамыз Кувейттің жартысындай, Катардың енімен бірдей, Ал Сингапур елінің енінен тура 3 есе көп кең байтақ дала!

Мұндай бір ауданда кішігірім бір мемлекеттің жеріндей жер шекарасыз ашық жатса, қанша жеріміз ашық жатыр сонда? Ол қандай шекара? Ол жүздеген шақырымдай ашық жатқан шекаралар – қандай елмен шекарада?!. Осы ма Ұлттық қауіпсіздік?!. Қайда Шекара қызметі?

Бұл бір аудандағы шекараның жағдайы?!. Ал елімізде шекаралармен шектескен қанша аудан бар?!. Қоршауы жоқ шекара – қорғауы жоқ елде ғана болады...

Жағдай мұншалықты маскара болса, елдің бүкіл шекарасына шұғыл қатаң тексеру жүргізу керек қой?!. Шығыстағы бір кеденнен елімізге экономикалық орасан шығын келіп жатса, Батыстағы және басқа жерлердегі қоршауы жоқ шекаралардан зор ұлттық қауіп төніп тұр!?. Қазақстан Республикасының сыртқы сауда көлемінің артуы, транзиттік әлеуетті дамытуға қойылған стратегиялық мақсаттар кеден және шекара бекеттерінің тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазіргі таңда аталған салаларда бірқатар инфрақұрылымдық, ұйымдастырушылық және институционалдық проблемалар көп екеніне көзіміз жетті.

Осыған байланысты Үкімет деңгейінде жүйелі шешім қабылдауды қажет ететін ұсыныстар: Еліміз кедендері мен шекараларындағы негізгі проблемалар:

1. Кеден инфрақұрылымының ескіруі, өткізу қабілетінің төмендігі.
2. Ұзын-сонар кезектердің жиілігі және рәсімдердің тым күрделілігі.
3. Цифрландырудың жеткіліксіздігі және қағаз бастылық.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі.

5. Кеден және шекара қызметтерінің үйлесімсіздігі.

6. Техникалық жабдықтардың жеткіліксіздігі.

7. Қазақстандық тасымалдаушылардың үлесінің көп төмендігі.

Кедендер бойынша ұсыныстар:

• Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жаңа кеден терминалдарын салу, бар ғимараттарды жаңғырту.

• “Жылдам дәліз” (Green Corridor) жүйесін енгізу арқылы өткізу қабілетін арттыру.

• Барлық рәсімдерді толық электронды форматқа көшіру, блокчейн және жасанды интеллект технологияларын енгізу.

• Кедендік рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқару жүйесін кеңейту, бейне бақылауды міндеттеу.

Шекара бекеттері бойынша ұсыныстар:

• Еліміздің бүкіл шекарасының жағдайына көз жеткізу үшін Үкімет шұғыл түрде қатаң тексеру жүргізуі керек!

• Инфрақұрылымды кеңейту: қосымша жолақтар, автотұрақтар, логистикалық хабтар салу.

• Онлайн кезек жүйесін енгізу (электрондыброндау), алдын ала құжат тексеру қызметін іске қосу.

• Кеден және шекара қызметін интеграциялау (“біріктірілген бақылау” қағидаты).

• Жаңа сканерлер мен бақылау құралдарын орнату, электронды пломбалау жүйесін кеңейту.

• Қазақстандық тасымалдаушыларға үлесінарттыруға жағдай жасау.

• Барлық өткізу пункттерін біркелкі жаңғырту бағдарламасын әзірлеу.

ҚОРЫТЫНДЫ ҰСЫНЫМДАР

• Кеден және шекара жүйесін толықцифрландыру – кезектерді қысқартады, жемқорлықты азайтады.

• Инфрақұрылымға инвестиция тарту – өткізу қабілетін арттырады.

• Қазақстандық тасымалдаушыларғақолдау көрсету – тең бәсекелестік орнатады.

• Ведомствоаралық үйлесім (шекара + кеден) – рәсімдердің жылдамдығын арттырады.

Ұсынылған шараларды іске асыру Қазақстанның кедендік және шекаралық инфрақұрылымын халықаралық стандарттарға жақындатады. Сыртқы сауда мен транзиттік әлеуетті нығайтады.

Кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасайды және мемлекеттік кірістердің өсуіне ықпал етеді.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының депутаттары:
Қазыбек Иса,
Азат Перуашев,
Дания Еспаева,
Ерлан Барлыбаев,
Серік Ерубаев,
Олжас Нұралдынов



ЖЕРГІЛІКТІ ДЕПУТАТ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ КӨТЕРДІ

«Ақ жол» партиясының Қызылорда қалалық мәслихатындағы депутаты Ақманат Мұратқызы Төлегенова Қызылорда қалаласы әкімі Нұржан Ахатовтың қатысуымен өткен қалалық мәслихатының кезекті XXXXII сессиясында өзі сайланған Тасбөгет кентіне қатысты бірқатар өзекті мәселелерді көтерді.

Атап айтқанда, жолдарды жөндеу, кенттегі биологиялық тазарту станциясын көшіру және жаңа ем-хана салу мәселелерін жеткізді. Қала әкімі Нұржан Ахатов бұл сұрақтардың алдағы уақытта өз шешімін табатындығын айтты.

Сессияға дейін Ақманат Мұратқызы әріптестерімен бірге қалада атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, бірнеше нысандарды аралаған болатын.

Қызылорда облыстық филиалы

ҚАРИЯЛАРҒА ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ТАҒЗЫМ

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай «Ақ жол» ҚДП Шымкент қалалық филиалының өкілдері №2 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына арнайы барып, осы орталықта тұратын партияның белсенді мүшесі Мамбет Құрманбаев ақсақалды мерекесімен құттықтады.

Ардақты қарияны құттықтауға Шымкент қалалық мәслихат депутаттары Исламбек Насруллаұлы Төлебаев пен Мұхтар Асқарұлы Шимиров, сондай-ақ «Ақ жол» ҚДП Шымкент қаласы филиалының, төраға орынбасары Адай Кенжебайұлы Шуханов қатысты.

Партия өкілдері қарияға ізгі тілектерін білдірді. Мамбет Құрманбаев – қаламыздың қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып, үлгі болып келе жатқан ардагер. Қарттарды құрметтеу – өскелең ұрпақ үшін парыз әрі үлкен жауапкершілік екені атап өтілді.

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ БІРҚАТАР ҚИСЫНСЫЗДЫҚТЫ АНЫҚТАДЫ

«Ақ жол» партиясынан сайланған Меркі аудандық мәслихатының депутаттары Нұржан Қарғабаев, Айғаным Шынарбек тұрақты комиссияның отырысында күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша ұсыныс енгізді.

Депутаттардан құрылған жұмысшы топ Меркі ауданындағы электр жарығын таратушы трансформаторлардың жай-күйі мен көшелерді түнгі жарықтандыру жұмыстарына зерделеу жүргізген болатын. Сараптау-саралау барысында бірқатар кемшіліктер анықталды.

«Комиссия төрағасы Нұржан Қарғабаев аудан көлемінде ескірген трансформаторлардың көп екенін алға тартып, бірінші кезекте соларды ауыстыру мәселесі бойынша мәслихат сессиясына ұсыныс енгізу қажеттігін айтты.

Зерделеу барысында кейбір елді мекендерде трансформаторлар қоршалмағанын көрдік. Кейбір елді мекендерде кейінгі жылдарда түскен көшелерінде әлі күнге электр желілері тартылмаған. Ал тұрғын алаптарда халық саны күн артып келеді. Комиссия отырысында осы ділгірлікті көтеріп, бірінші кезекте жауапты мекемелерге ұсыныс жолдау керектігін айттым» – дейді ақжолдық депутат Айғаным Шынарбек.

Қызылорда облыстық филиалы

«АҚ ЖОЛ» ЖАСТАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТІН ШЫҢДАЙДЫ

«Заң және тәртіп» атты облыстық жас шешендер байқауында Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғары медициналық колледжінің студенті, «Ақ жол» демократиялық партиясының Абай облыстық филиалы Жастар кеңесінің белсенді мүшесі Сәрсен Жанерке ІІ дәрежелі орынға ие болды.

Жас оратор байқауда өз ойын жүйелі жеткізіп, құқықтық мәдениет пен заңға құрметтің маңыздылығын айшықтап көрсетті. Бұл жетістік – жастардың білім мен шешендік өнерді қатар дамытып, қоғамға өз үлесін қосуға дайын екендігінің айқын дәлелі.

«Ақ жол» демократиялық партиясы әрқашан жастардың азаматтық белсенділігін, көшбасшылық қасиеттерін және жаңа бастамаларын қолдап келеді.

Абай облыстық филиалы



Тибо Куртуа 2018 жылы Әлем чемпионатындағы ең үздік қақпашы. Лигадағы ең аз гол жіберген қақпашы) – бірнеше рет (мысалы, Атлетико Мадрид кезінде және Реал Мадридта) және 2016-17 ж. Челсидегі үздік таза қақпа сақтаған рекордтар иесі.

ТИБО МЕН ШЕРХАН

Қазақ қақпасын қорғап қалған қайсар қақпашы Темірлан Анарбек қазақ футболына әлемнің чемпиондар лигасының қақпасын ашып берді...

Ал футбол әлемінің қақпасына секіріп кірген Шерхан баланы әлем қақпашыларының әкесі Тибо Куртуа құшақ жайып қарсы алды. Арқасынан қағып, футболкасын сыйлап, екеуі футболкаларын ауыстырып киді! Ол өзінің әлеуметтік желідегі парақшасына Шерхан Қалмұрзаның суретін салып қойды.

Бұл – қазақтың қақпашы баласы Шерханды әлемнің үздік қақпашысы Тибоның мойындауы!

Бұл – үлкен футболға алғаш қадам басқан қазақ баласының ғана емес, әлемнің бар қақпашысы армандайтын құрмет!

Сәтті түсірілген суретке қарасаңыз, бойы 2 метр қарағайдай Тибонның қалақтай Шерханға қарап тұрған жүзінен шуақ шашқан әкелік мейірім әдемі көрініп тұр.

Қазақтың кара баласына әлемнің дара қақпашысы құрмет көрсетіп жатқанда қазақ қақпашыларының көшбасшысы Құралбек Ордабай стадион төрінде, елістан көз салып, сүйсіне қарап отырған еді...

Айтпақшы, шіреніп тұрып тепкен добын серпіліп тұрып қайтарған шыбықтай Шерханға шынардай Мбаппенің шынайы риза болып, бұрылып тұрып, ұзақ тесіліп қарауы – көөөөп нәрсені айтып кетті.... Әркімге олай мойын бұра қоймайтын әлемдік әйгілі жұлдыздың қазақ қақпашысына ерекше назар аударғаны тегін емес...

ЖАРАҚАТТАР АШҚАН ЖАҢА ЕСІМДЕР

Иә, біз негізі, әлемдік чемпиондар лигасын сөз еткенде әңгімені Темірланнан бастауымыз керек!

Жазушы-драматург Думан Рамазан бауырым турасын айтқандай, «Бәріне кінәлі «Ақтөбе» футбол командасы!» Сол командамен ойында Темірланның жағы сынып, жарақат алды... Ауылдың ойынын қазақ тарихында Қазақстанға алғаш аяқ басқан әлемдік «Реалмен» кездесуден кейін-ақ өткізсе, аспан айналып жерге түсердей болыпты «Ақтөбе» клубының басшысы....

Кесепаттығы «Қайратқа» ғана емес, қазақ футболына кесірін тигізді!

Өйткені, «Қайраттың» қақпасы – Қазақтың қақпасы!



Біріншіден, «Қайраттың» бірінші қақпашысының жарақат алуы – 2025 жылы 26 тамыздағы Алматыдағы чемпиондар лигасына іріктеу ойынында «Қайрат» - Селтик футбол командаларының жек-пегінде Темірланның бағын ашып берді. Ол пенальтиде 5 доптың 3-еуін қайтарып, әлемде сирек кездесетін сенсация жасады. Солай жеке футбол клубындағы екінші қақпашы «Қайраттың» ғана емес... Қазақтың бірінші қақпашысына айналды.

Баяғы «Қайраттың» даңқты қақпашысы Құралбек Ордабаевты еске түсірді.

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ ТЕМІРЛАНЫ – АТЫНА САЙ ҚАЗАҚ ҚАҚПАСЫН ҚОРҒАП ҚАЛДЫ!

«Қайратты» чемпиондар лигасының негізгі ойына алып шыққан да, әлем жұлдыздары ойкастаған әйгілі «Реалды» тарихта тұңғыш рет Алматыға, Қазақстанға, тіпті Азияға алдырған да Темірлан бауырымыз! Алла жар болып, Жұлдызы жарқырай берсін!

Ал енді сол чемпиондар лигасы ойындарына жағын сынып, жарақат алып қалып, шыға алмау, аңыз болған «Реалмен» ойынға қатыса алмай жай көрерменге айналу – жауыңа тілемейтін қиын жағдай!

Екіншіден, жоғарыда айтқанымыздай, Темірланның «Ақтөбе» клубымен ойында жағы сынып, жарақат алуы Чемпиондар лигасының негізгі жарысындағы алғашқы ойында футбол отанына айналған Португалияның «Спортинг» командасымен кездесуде ойынға шығып, бір пенальтиді және қауіпті шабуылдарды қайтарған қақпашы Шерханның атын айдай әлемге жарқ еткізіп, бағын жандырды... Атынан ат үркетін атакты «Реалмен» ойында жеңіл-

сек те, бірнеше қауіпті доптарды қайтарды. Шерханның бойындағы рух, алаңдағы намыс үшін жанталасқан айқайы «Қайраттың» үшінші қақпашысынан команда капитанына айналып кеткендей болды...

Әйгілі суреттегі Тибо арыстан, Шерханға карасак, қабылан сияқты. Айтпақшы, арыстан – біздің бала. Өйткені, «Шер-хан» деген сөздер парсыша «аң патшасы – арыстан» дегенді білдіреді. Иә, Шерхан алаңда атына сай арыстанша айқасты.

Келбеті баласымен жасты көрінетін Шерханның жап-жас шешесі Сәуле Рабай туралы жазбаған сайт жоқ, ал әкесі туралы ешкім үндемейді. Кейін белгілі болғандай, қазір бөлек тұратын әкесі Елдар Жамбыл облысындағы Жуалыдан екен. Жуалы - әйгілі жазушы Шерхан Мұртазаның ауылы. Осыдан-ақ Шерхан аты қалай қойылғанын айқын біле беруге болады.

Ал Шерханның шебер қақпашы болуына бала күннен жаттығуға тасыған, сол үшін Астанадан Алматыға көшкен, өзі де футболдан Астананың қыздар командасын республика чемпионы жасаған кәсіби мықты бапкер, Түркістан облысындағы Шардараның шаңын шығарып, талай футбол ойнаған нағашы атасы Еділ Рабайға шексіз алғыс!

Алла жар болып, Жұлдыздарың жарқырай берсін бауырларым!

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНА АҚ ЖОЛ!

2021 жылы әлем чемпионатына іріктеуде Қазақстанның ұлттық құрамасы Франциядан 8:0 болып ұтылып, маскара болды! Қайтарымыз 8 голдың жартысын, 4 голды кешегі Алматыға келіп 3 гол соғып кеткен дүлей Мбаппе соқты. Сонда біз парламентте «Миллиардтарды футболға әлемде маскара болып жеңілу үшін жұмсап жатырмыз ба? Гол салмайтын, тем қазынаға қол салатын, қол салғанда мол салатын қазақ футболына миллиардтарды шашуды тоқтататын уақыт жетті!» – деп дабыл қакқан едік. Сол кездегі «Ақ жол» фракциясының осыдан күрт жыл бұрын көтерген барлық футбол клубтарын жеке-шектендіру, легионерлерге қаржы төлеуді тоқтату, балалар футболын дамыту үшін академиялар ашу, дамыған елдерден 10 есе көп, заты түгілі аты белгісіз 180 спорт түрін қаржыландыруды күрт қысқарту туралы талабы қазір заңмен бекітіліп орындалуда. Біздің талаптарымыздың нәтижелігін «Қайрат» жеке футбол клубы жетістіктері айқындап келеді.

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫН ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН ҚАҚПАШЫЛАР



Енді әлем біліп, шулап жатқан екі қазақ қақпашысы Темірлан мен Шерхан қазақ футболының даңқын дүрілдетіп тұр.

«Қайраттың» қақпасын темір қақпаға айналдырған Темірланның тезірек жазылып, атқа қонып кетуін тілейік.

Алда әлі талай «Реал» секілді әлем алпауыттарымен айқас бар!

«Shoqan» брендінің негізін қалаушы кәсіпкер Ұлықбек Шәріпке көп рахмет! Бір кемшілігі, ақыр көлік бергенін жарнамайды екен, кәсіпкердің өз тіліне сауаты жетпеген бе, Ресей тілін сөйлепті. Шерхан әріне, амалсыз сол тілде жауап беруде... Екеуінің сөзін естісе Тибо мен Мбаппе : «Бұл қазақтардың өз тілдері жоқ па?»- деп аяныш білдіретіні анық....

«Қазақтардың» намыссыз құл саналылығына күйіп кетіп: «Қазақтар, Алма-Ата – столица мира» деген сөзді неге қазақша айтып айқайламайсындар, орысша емес?!» – деп айқай салған Ресейден келген «Реалдың» жанкүйері, орыс азаматына мың алғыс! Әй бірақ, біздің ана тіліне миы жетпейтін мәңгірттерге бәрібір?!

Айтпақшы, қазақ футболын айтқанда, әлемнің әйгілі «Челси» клубы құда түсіп, қалап алған Дастан Сәтбайымыз да бар екен ғой?!

Дастанның да дастаны жазылар күн жақын деп білейік!

Сонымен бірге «Қайраттың» тағы бір талантты футболшысы, жартылай қорғаушы, Шардарадан шыққан Олжас Байбек: «Реалдың» ойыншылары өте жылдам және физикалық күшпен ойнайды – оларды қуғанда қиын, ойын ауыр болды.»- деп жауап берді журналистерге. Олжас – 2025 жылғы маусымда жасөспірімдер арасындағы Еуро-2027 іріктеу кезеңінде Андорраға қарсы матчта жеңіске жеткізген жалғыз голдың авторы.



Кәсіби бапкер Fazylbek Absattaruly құрған, тек қазақ балаларынан құралған, халықаралық жүлделерге ие болған «Арландар» футбол клубының түлектерінің Португалияда үздік ойын көрсетіп жүргенін ойласақ, спортта ұлттық рухтың, бір тілде сөйлеудің үлкен рөл атқаратынын көрсетеді.

Өткен ғасырдың басында құрамында ұлы жазушымыз Мұқтар Әуез болған «Ярыш» командасы бастаған Алаш футболының болашағы алда.

Қазақ футболына Ақ жол тілейміз!

Қазыбек ИСА

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Мысалы, көршіміз Ресейде төменгі деңгейде өмір сүруге қажетті тауарлар мен қызметтердің саны 156-ны құрап және әр адам үшін 18 шаршы метрлік баспана шығыны енгізілген. Қазіргі азық-түліктің, коммуналдық қызметтерінің, электр қуатының, қоғамдық көлікте жүру құнының және басқа да қызмет көрсету ақыларының үнемі өсіп жатқаны белгілі, бірақ осы жағдай еске алынып, одан жұртты қорғайтындай механизм белгіленбеген. Ақиқаты сол, қарапайым жұрттың дені кедейшілікте өмір сүріп жатыр.

Егер, «2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңның 9-бабына сүйенсек, бізде биылғы жылдың қаңтар айынан бастап жалақының ең төменгі мөлшері — 17439 теңге болып отыр. Біз жоғарыда көрсеткендей, Ирландияда бір айда 209839 теңге табыс таппайтындарды күнкөрісі төмендерге теңесе, біздің елде бір адамға азық-түлік қоржыны бойынша бір жылға 209268 теңге белгіленген. Яғни, біздің елде бір айлық төменгі табыс кезіне негізделген кедейліктің шегі 6975,6 теңге болуы еліміздегі кедейшілік көріп отырған адамдардың санын жасанды төмендетуге алып келіп, соның салдарынан экономикалық даму стратегиясын жасаған кездерде, әлеуметтік мәселелердің шешуін жоспарлауда қателіктердің бар екенін көрсетеді. Біздің елде ресми деректер бойынша 2011 жылы табысы, күнкөрістің ең төменгі шамасынан төмен тұратын халықтың үлесі — 5,3 пайыз болған, яғни 886902 адам кедейшілікте өмір сүрген. Егерде шындығында солай болған болса, онда біздің ел әлемдегі ең бай, ауқатты адамдар өмір сүретін ел болып отырмыз.

Германия, кедейлері ең көп ел қатарына (кедейшілік үлесі — 15 пайыз) жатқызылған және ол елдегі кедейшілік шегі 912,75 евроны құрайды (167033 теңге). Ал Европа елдерінде ең кедейшілік аз деген елдердің өзінде кедейлердің үлесі 9 пайыз көрінеді. Осының өзі экономикалық даму стратегиясын жасаудағы бой алған кейбір кемшіліктерімізді ашып көрсететін сияқты.

Бұл басқару жүйесі саясатының кеңес дәуірінен келе жатқан экономикалық даму заңдылығын саяси талапты орындауға бағындыру үстемдігін жүргізуден арыла алмағандығын көрсетеді. Ия, бұл пікіріммен келіспейтіндер табылуы мүмкін. Олардың уәжі Европа елінің даму сатысы ертеде басталған, содан да олардың ұлттық байлық қоры бұрыннан қалыптасқан дейді. Сөз жок, ол дұрыс түсінік және шындық. Осы шындықты мойындап отырған адамдар, неліктен біздің елімізде, осы біраз сапардан кейін ғана табиғи заңдылыққа сәйкес қорлануы керек естен шығарады. Неге біз үнемі асығыс шешімдер қабылдап оның келешекте қайда апаратынына көңіл бөлмей ұрандауға бейім тұрамыз? Неге, экономикалық даму сол қоғамдағы барлық адамдардың әлеуметтік даму деңгейінің тепе-теңдігін сақтайтын заңдылыққа тәуелді екенін ескермейміз?

Қоғамда ұлттық байлық барша халықтың әлеуметтік жағдайын табиғи кедейшіліктен қорғайтын болуы тиіс. Егер, бір ел шеңберінде барша байлықтың ат төбеліндей шонжарларға тиесілі үлесі 80-90 пайыз болып, ал қалған халықтың үлесі 10-20 пайыздан аспаса, ол елде әлеуметтік теңсіздік табиғи қайшылыққа әкеліп, тұрақсыздық бұзылу салдарынан әлеуметтік жарылыс болуы ықтимал. Еліміздегі банктерде есеп шоты бар қазақстандықтардың 17 пайызын ғана құраса, ал бүкіл банктердегі депозиттердің 50 пайызы халқымыздың тек 0,1 пайызына тиесілі болуы қарапайым халықтың жағдайын көрсететін айнасы секілді. Елімізде халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруын бағалауға негізгі көрсеткіші ретінде номиналды орташа айлық еңбекақы пайдаланатын ел. Бұл көрсеткіш кеңес дәуіріндегі әлеуметтік теңдікті сақтаған қоғамға тән. Осы көрсеткіштің өсу динамикасы (арындауы) жыл сайын өсіп отырады да соған қарап қалықтың әлеуметтік жағдайы жүйелі түрде жақсарып келеді деген тұжырым жасалатын. Ал, бұл көрсеткішті капиталистік қоғамда



қалай анықтаймыз?

пайдалану, тек экономикадан хабары аз, биліктегі сауатсыз мамандардың өздерінің деңгейін көрсетеді.

Ал іс жүзінде қарапайым халық осыдан айтарлықтай ықпалын көріп отырған жоқ. «Неге?» деген заңды сұрақ туады. Оның жауабы қоғамның қандай экономикалық даму жүйесін таңдауына байланысты.

Кезінде кеңес одағы бұл көрсеткішті ұтымды пайдаланды, өйткені социалистік жүйеде барлық өндіріс салалары мен өнеркәсіптердің халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге үлестерін қосатын нақтылы механизм бекітілген. Соның нәтижесінде адамдардың өмір сүруіне қажетті сұрақтардың 80-90 пайызының шешілуін халық шаруашылығының барлық салалары мен қатар бюджеттік мекемелерде өз мойнына алатын. Сондықтан да, әлеуметтік теңестірілген, көлемі ықшам айлық еңбекақыға түсетін салмақ жеңіл болып еңбек еткен адамдар қазіргідей кедейшілікте болмаған.

Ол қоғамда жұмыссыздық мәселесі жоқ. Бірақ, адамдардың өз қабілетіне сай жұмыс таңдау мүмкіншілігі болғаны рас. Соған қосымша, мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсетудің де шеңбері қазіргі кезден ауқымы мадақтау белгісі. Бұл жерде кеңес дәуірін мадақтау емес, өткен ол қайтып келмейді. Бұл жерде, тек шындықты айтып өткеннің де тиімді тәжірибесін мүмкіндігінше ескерудің керектігін ұмытпауды ойға салу. Қазір де мемлекеттік әлеуметтік көмек беру бар және оның 61 пайызы балалардың тағдырына байланысты беріледі. Осы төлемдердің 60 пайызы республика бойынша ауылдарға беріледі, өйткені кейдейшілік, негізінен, қазақтар қоныстанған ауылдық жерлерде орын алғандығы. Ауылдағы кедейшіліктің деңгейі қаладағыға қарағанда бес есе артық көрінеді.

Жекеменшіктің құқын бәрінен жоғары қойып қорғайтын капиталистік қоғамның даму заңдылығы, тек жұмсалған капиталдың өрбиіуінен жоғарғы деңгейде пайда табуға негізделген. Ал, қоғамдағы әлеуметтік жағдайды сараптап, кедейшілікті анықтауға көрсеткіш ретінде номиналды орташа айлық еңбекақыны пайдалану шындықты бүркемелеуге әкеледі. Сондықтан біздің экономика саласында жүрген ғалымдарымыз, мамандарымыз әлеуметтік даму мәселелерін жоспарлау мен сараптама жүргізу үшін пайдаланатын керсеткіштерге жоғары талап қойып, оның тиімділігін ғылыми негізде анықтайтын критерийлерін тауып қолданулары қажет. Бұл ғалымдардың міндеті.

Нарықтық капитализм құрып жатқан біздің елде номиналды орташа айлық еңбекақының көрсеткіш ретінде шындықтан алшақтайтынына ықпал ететін екі ғана факторға тоқталған жөн. Бірінші, ел экономикасына қатысы бар

бірте-бірте сала, кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің белгіленген салықты төлеуден тыс халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған міндеттері бекітілмеген. Өйткені, капиталистік қоғамның даму заңдылығына сәйкес ондай міндеттердің болуы мүмкін емес. Екінші, жалпы еңбекақы қорының республикадағы көлемі жекеменшіктің ірі байлық иелерінің, кәсіпкерлердің жалпы өндірілген ішкі өнімдердегі үлесіне тәуелді болуына байланысты адамдардың табыстарындағы алшақтық өте жоғары деңгейде қалыптасатыны заңдылық.

Мысалы, еңбек пен әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша 2012 жылдың басында елімізде жалпы номиналды орташа еңбекақы 89950 теңге (2012-ші жылы орташа айлық еңбекақы 228 мың деген дерек әдейі еске алынбады), ал, өндіріс саласында орташа көрсеткіш — 106199, теміржол жолаушылар тасу саласында — 114793, байланыс жүйесінде 120594, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында 72156 және бюджеттік мекемелерде 63511 теңге болыпты. Жекеменшіктің шағын кәсіпорындар мен бюджеттік мекемелерде 20-40 мың теңге айлық алатындардың саны аз емес. Ал енді жалпы еңбекақы қорының ішінде айына 200-600 мың, тіпті, одан да жоғары табыс табатын жүздеген мың адамдардың барлығы да шындық. Жоғарыдағы келтірген деректер қоғамдағы қалыптасып отырған адамдардың айлық табыстарындағы ара алшақтығының барлығын растап отырғанына ешкімнің дауы болмас.

Халықтың әлеуметтік жағдайына тура ықпалы бар фактор, адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесінде ұмытуға болмайды. Бізде жұмыссыздық деңгейі үнемі төмендеп келе жатыр деген ақпараттар таратылып жатады. Бірақ та, ресми көрсеткіштің шындықтан алшақ жатқандығынан бұл мәселге кейінде арнайы тоқтау жөн сияқты. Өйткені, ауылды жерлердегі жаппай жұмыссыздықты ешбір ресми құжаттарда мойындамайтыны үлкен сұрақ тудырады.

Бәрімізді қатты алаңдататыны ауыл тұрғындарының ахуалы, өйткені ауылда тұратын қазақтар және кедейліктің талқысында ең көп тартып жүрген мәселе. Соған орай, ауылдағы әлеуметтік мәселелерге байланысты бір мысал келтіре кету жөн секілді. Ауылдағы 5 адамнан тұратын бір отбасының 2 құлынды биесі, 3 бұзаулы сиыры, 30 қой (қозыларын есептегенде) бар болып, бірақ отбасы мүшелерінің бірі жұмыс істемейді делік (ауылда бюджеттік мекемелерді есептемегенде жұмыссыздық мәселесі шешілмеген). Осы отбасының бір жылдық табысы мен шығындарын есептесек, мынаны көрсетеді: егер бір биені құлынын қалдырып сатса — 200

мың, бір сауынды сиырын бұзаусыз сатса — 130 мың, он бес қойын сатса — 345 мың теңге болады екен (еліміздің барлық жерлерінде біз ойлағандай жоғары бағамен сату мүмкін емес), яғни бір жылдық табыс — 675 мың теңге (ауылды жерлерде сүт сату мүмкіншілігі шешілмегендіктен пайда табу көзі болмайды).

Қолында қыстап қалатын малдарының саны бір биесі екі құлын, екі сиыр үш бұзау және он бес қой болған күнде оларды асырауға шөп сатып алуға 300 мың теңге (бір трактор тележка шөп — 75 мың теңге) жем 20 мың теңге, барлығы 320 мың теңге қажет делік. Үй мен қораларды жөндеуге, электр қуатын пайдалануға, көмір мен отын алуға, ветеринарлық қызмет көрсетуге, жаз айларында мал бағушылардың еңбекақысын және салықтарды төлейтін шығынның көлемі 130 мың теңге. Шаруашылыққа байланысты шығынның ең төменгі көлемі 450 мың теңгені құрайды, бұл жерде балалардың оқуына, денсаулық сақтауға, тағы да басқадай қажеттерге кететін шығындар назарға алынбай отыр. Қолдағы табыстан шығындарды алып тастағанда отбасының бір жылдық күнкөрісіне 225 мың теңге қалады. Елімізде белгіленген ең төменгі күнкөріс себетінің құны негізінде есептесек, бес адамнан тұратын отбасына бір жылға 1046 мың теңге қажет көрінеді, ал мына отбасының шығындарынан асқан ақшасы ең төменгі деңгейде өмір сүру үшін тек 2,5 айға жетеді екен. Кезінде еңбек пен әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған ауылда тұратын отбасы бір сиыры мен тауықтары болса өз күнкөрісін өздері табатын топқа жатқызылып, жұмыссыздар мен мемлекеттік көмек алу тізімінен шығарылып тастауын қалай есептеп дәлелдегені қарапайым адамдарды қойып, экономистерге де жұмбақ болып жүр.

Қазақ елінің келешегін ойлаған әр азамат қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға немқұрайды қарамауы керек. Әсіресе, адамдардың әлеуметтік жағдайларына байланысты мәселелер көтерілгенде оны саяси шоу деп қабылдау зиян әкелмесе, пайда әкелмейді. Ел келешегі әр отбасы мен әр азаматтың ауқатты болуына байланысты. Қарапайым адамдар тілімен айтқанда — ел экономикасы ішкі қажеттілікті шешіп, халықтың мүддесін қорғауы қажет.

Мемлекеттің экономикасының мықты болуы, оның макроэкономикасының тиімділігінен гөрі, мемлекеттің ішкі экономикасының адамдардың әлеуметтік қажеттерін мүмкіншілігінше толық, сауатты шешуіне байланысты қоғамдағы тұрақтылықты сақтайтын негізгі фактор екенін естен шығармауға тиістіміз. Яғни, адамдардың өз денсаулықтарын сақтау үшін денесін таза ұстау үшін жуынып, шайынып таза ұстайтындай, қоғамда түбі зиян әкелетін кемшіліктерден өз уақытында тазаланып отыру қажет. Сондықтан, мақсат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын деректерге сүйене отырып еліміздегі экономикалық, әлеуметтік дамуға байланысты туындап жататын мәселелерге мүмкіншілігінше талдаулар мен сараптамалар жасап, қарапайым жұрттың пікірін ескере отырып пікірлер ұсыну болады. Билік соны үнемі ескеріп отыруы қажет.

Негізгі мәселе, адамдардың өз мемлекетінің, ұлтының келешегіне жаны ауыратын азаматы болып қалыптасуы үшін, олардың қоғамда орын алған кейбір мәселелерге байланысты көпірме мадақ сөзден гөрі, оларға шындыққа жанасатын дәйекті мағлұматтарды айтып, қиыншылықты келісе шешу жолына итермелеу керек.

Осы айтылған кемшіліктерден саяси астар іздеудің де, оны саяси ойындарға пайдаланудың да керегі жоқ. Шындық ашы да, тұщы да болады. Бұл жерде, тек солардан бір түйін шығарып ұлтымыздың келешегіне пайда тигізетін қадамдар жасауға ұмтылуды ойлаудың қажеттігін ұғуды ескерту.

Болат Дүйсембі,
саясаткер-экономист,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ЗАҢҒАР ШЫҢ

Мәлік Ғабдуллиннің күллі ісі, рухы, жүріп өткен жолы, тағдыры, ниет-пиғылы, үлкен әріппен жазылатын Адамдық тұлғасы жер басып жүргендерге тенестіруге келмейтін заңғар тау.

Ол қаһармандық, батырлық іс-қимылдарымен, терең ғылыми ізденістерімен, ұстаздық, санаткерлік ерен еңбегімен, қаламгерлік қабілет-дарынымен, жан дүниесінің кіршіксіз мөлдір тазалығымен, кісілік мейірім-қасиеттерімен, ақыл-парасатымен өзгешеленетін тарихи тұлға. Оқымысты-педагог Мәлік Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты оқулығы (1958) ұлттық фольклортану тарихындағы бірегей үлгілі, үздік, озық құбылыс. Қазақстанның жоғары дәрежелі оқу орындарының филология, журналистика факультеттерінің студенттеріне арналған атаулы да, айтулы оқу құралы «халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, ауыз әдебиеті», Қазақ елінің сандаған ғасырлық рухани-мәдени өмірінің көркемдік энциклопедиясы ретінде үздіксіз қолданылып келеді.

Ұлтымыздың тарихи дүниетанымы, ой-санасы, сөз сарасы, көркемдік-философиялық тәжірибесі, ғұрып-салт жүйесі, елдік пен ерлік рухы айрықша көрініс тапқанын, барынша терең танытқанын, ұғынықты, тиянақты, мұнтаздай байыпты түсіндіргенін айту ләзім. Білімпаз, ұстаз Мәлік Ғабдуллин тарих тұңғығына, замана сырларына бойлап, барлау жасаған, сөз бен ой мұхитында еркін жүзген. Фольклортану ғылымындағы неше алуан түрлі қисындар мен қағидаларды саликалы саралап, өзіндік ой-тұжырымдарын өрбіткен.

Оқымысты Ш.Ш.Уәлихановтың А.Н.Афанасьев жариялаған «орыс халқының ертегілерінің ішінде» тек алты ертегі ғана қазақ ертегілеріне ұқсамайды деген пікірін келтіреді. Сондай-ақ, Ш.Уәлиханов өз заманының даңқты ақыны Орынбай Бертағыұлының импровизаторлық өнеріне сүйсінген. Арқалы ақынды ардақтай отырып: «Тілің шұбар екен, дін сөздерін көп қосады екенсің. Қандай ойды болса да қазақша айтуыңа болады, бұған қазақ тілінің оралымы да, байлығы да жетеді», — дейді. Фольклортанушы М.Ғабдуллин Шоқанның ғылыми-шығармашылық мұрасын ыждағатпен зерделей отырып, оның үздік пікірлерін, таңдамалы толғамдарын алға тартады. Ұлт тәлімгері Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақтың тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек» деген пікірінің қуатты жаңғырығы-ай десеніңізші!

Немесе түркі халықтары фольклорының білімпазы, академик В.В.Радловтың (1837-1918) үшінші томындағы (1870) қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріне (аңыз-әңгімелер, дастандар, айтыстар, тұрмыс-салт жырлары) нақты сипаттама береді. В.В.Радловтың қазақ батырлар жыры соншалықты өрістей қоймаған деген пікірінің шикі екендігін атап көрсетеді де, қазақтың қаһармандық-ерлік сипаттағы жырлары көршілерінен «асып түспесе, кем емес» деп тұжырымдайды. Иә, ұстаз-педагог Мәлік Ғабдуллин өз лекциясында қазақта 600 батырлар жыры бар деуші еді.

Серік НЕГИМОВ, филология ғылымының докторы, профессор

БАТЫРЫМ, МӘЛІК БЕРЕНІМ...



Ол қазақ ауыз әдебиетінің жауһар үлгілерін жинақтауда ересен еңбектенген Г.Н.Потаниннің (1835-1920) шығармашылық өмірбаяны турасында қадау-қадау пікірлер өрбітеді. Бұл ретте оның «кім не жазып алғандығы, айтушының өмірбаяны, оның қандай шығармаларды білетіндігі, оларды қалай үйренгендігі» жайында мәліметтерді баяндайды.

Негізінде, М.Ғабдуллин ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында халық мұрасын ұлт игілігіне жарату мәселесін игілігіне қаншалықты дәрежеде екендігіне барлау-талдау жасайды. Бұл мақсатта 1933 жылы қазақтың ұлт мәдениетін ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырғандығы, ұлан-байтақ елімізге арнаулы фольклорлық экспедициялар аттандырылғандығы, мұның нәтижесінде «Батырлар жыры», «Халық поэмалары», «Айтыс», «Жұмбақтар», «Мақал-мәтелдер», «Қазақ совет фольклоры», «Қазақ әдебиетінің тарихы» дейтін мәнді жинақ-зерттеулер жарияланғаны жайында жазып, әдеби-мәдени жаңалықтарды тізбелейді. Сол кездің өзінде Ғылым академиясында тоғыз мың баспа табақ көлемінде мұра жинақталған. Халықтың өмірі, тұрмыс-тіршілігі, шаруа-кәсібі, салт-дәстүрі, тілі, өнері, рухы, тарихы, болмыс-бітімі, мінез-құлқы, жаратылыс аясы, іс-әрекеті ауыз әдебиетінде барынша сәулеленіп таңбаланған. Ендеше, бұл оқулықта

түйдек-түйдек ой-пікірлер, мәдени-әдеби әрі тарихи-шежірелік деректер, мәліметтер, жаналықты құбылыстар, жыраулар мен жыршы ақындар өнернамасына қатысты мағлұматтар, сырлы, «дарынды сөздер», мифтік ұғым-түсініктер ғылыми айналымға қосылған.

І-жүктеме бойынша ой өрбітер болсақ, тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармалардың жанрлық түрлеріне жинақы, ықшам, ұғынықты сипаттама беріп отырады. Этнографиялық, этимологиялық, мифологиялық, діни-исламдық, әлеуметтік-тұрмыстық, театрлық-драмалық, көркемдік-бейнелілік мәністерін, ұлттық мәдени негізін терең түсіндіреді. Төрт түлік мал жайындағы шығармаларды талдап-тексеруі, үздік келісті мысалдармен ұтымды дәлелдеуі мейлінше қызықты.

Халық шығармашылығындағы «Малдың баласын сүюі», «Түйе, түйе, түйелер», «Қасқырлардың қойшыларға айтқаны» дейтін өлеңдер мен «құлыным», «қозым», «ботам», «ботакөз», «жез бұйдалы нар тайлақтай екен», «жігіттің нары екен» тәрізді сәулетті сөз-образдарға, айшықты оралымдарға ой жарығын түсіреді. Ұлыстың ұлы күніне, аңшылыққа қатысты, сондай-ақ бесік жыры, жаңылтпаш, өтірік өлеңдер, үйлену салтына орайлас туған тойбастар, жар-жар, сыңсу, беташар; діни ғымдарға байланысты бәдік, арбау, бақсы сарыны, жарапазан; мұңшер, көңіл күйін сипаттайтын

қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау жырлары халықтық-поэзиялық дәстүр, сөз саптау, ой айту ерекшеліктері тұрғысынан сараланған.

Мәлік Ғабдуллин ұлттың ой-өрісі, даналық көзқарасы, көркемдік логикасы, өмір тәжірибесі мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда керемет тапқырлықпен көрікті, әсерлі берілетінін, неше алуан жайнаған әшекей-безендірулермен өрнектеліп өрілетінін шебер сөйлетеді. Мысалға жүгінейік: «Ер жігіт — етек-жеңі кең жігіт», «Кісі елі — күміс, өз елің — алтын», «Данышпан айтса — ел айтқаны, елдің қамын жеп айтқаны», «Тенгелі жерде теңдік жоқ», «Биік қылаң болса, жұртын ылаң болар», «Батар күннің атар таңы бар». Немесе: «Ұшқанда өлең айтады, қонғанда жер қазады» (қоңыз), «Кішкене ғана қара тас, атан түйе тарта алмас» (қарақұрт), «Елек-елек тарым бар, көтере алсаң бәрін ал» (құмырсқа), «Өзі батыр, жасырын жатыр» (қақпан) тәрізді жұмбақтар қандай шынайылықпен әсем тоқылған.

Жан-жүрегіңді толқытарлық, қан тамырынды солқылдатарлық, таңдай қақтырарлық таңдамалы ойлар, қиял самғауы ертегілерде екендігі әлімсақтан мәлім. Ертегілердің түрлерін, құрылысын, көркемдік сапасын анықтайды. Қиял-ғажайып ертегілердегі таусоғарлар, көлжұтарлар, көрегендер, желаяқтар, сакқұлақтар, айдаһарлар, жезтырнақтар, жалғыз көзді жалмауыздар, мыстандар, сонымен қатар, қырық құлаш семсер, ұшқыш кілем, тоқпақ, алтын мүйізді киік, кездік, қазан, жүздік тәрізді кейіпкерлер мен қару-жарақтардың көркемдік қызметі, іс-әрекеттері, алуан-алуан ғажайып күйлер, «сиқырлық-жәдігөйлік айла-әдістері», мифтік ұғым-түсініктер түбегейлі түсіндіріледі. Осы орайда «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай», «Күн астындағы Күңкей қыз», «Ақ қасқыр», «Алтын сақа», «Ханның кесір қызы мен Тазша», «Қыдыр, бак, ақыл», «Қарт пен тапқыр жігіт», «Қаңбақ шал» дейтін ертегілердің керемет әсерлілік, мәнерлік, рухани сұлулық, қиял-ғажайып қырлары орайлы жарасыммен суреттеледі. Ертегілердің шығармашылық тұлғасы да пайымдалады. Сондай-ақ, даналықтың, батырлықтың, әділдіктің символы Аяз би, шешендіктің, тапқырлықтың үздігі Жиренше шешен, «халықтың ақылды-айалы ұлы, тапқырлығына қулығы сай, ер көңілді, өжет Алдар Көсе, сегіз қырлы, бір сырлы, өзі би, өзі дана, өзі домбырашы, өзі мерген, өзі әнші Асан қайғы турасындағы толғақты толғамдарын тебіреніссіз оқу мүмкін емес.

Ел әдебиетінде батырлар жыры әлемі ғарыш кеңістігіндей, шалқып жатқан көк мұхиттай

десек те болады. Сондықтан да оқулықтағы «Батырлар жыры» тарауында (146-258 б.б.) ерлік-қаһармандық сипаттағы дастандардың жиналуы, жариялануы, зерттелуі, жырдың варианттары, басты кейіпкерлер тұлғасы, жырдың тіл, стиль, құрылымдық жүйесі ғылыми-теориялық тұрғыдан біліктілікпен зерделенеді. Оның жазуынша, Қазақ КСР Ғылым академиясы Қолжазба қорында бір мың баспа табақтай материал жинақталыпты. Автор өзіндік ой-тұжырымдарын «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырларының негізінде батыл дамытып өрбітеді. Бір сүйсінерлігі, қазақтың қисапсыз батырлық жырларын жадында сақтап, түрлендіріп гүлдендірген Марабай, Нұрпейіс, Қазақбай, Мергенбай, Мұрын, Біржан Толымбайұлы, Жанақ, Айса, Шашубай сынды әйгілі жыршылардың жыр айту тәсілдері, сөз саптау ерекшеліктері туралы мейлінше қызықты әдеби-тарихи деректерді молынан келтіріп отырады. Мәселен Марабай Құлбайұлының өмірі мен өнерпаздығы жөніндегі мәліметтер сонылығымен көңілге ұялайды. Ол Сүгір, Көкі, Қарабура, Жұмырбай, Базар, Шернияз сынды ақындармен айтысады. Ұстазы Шернияз (1816-1881) екен. Мәлік Ғабдуллиннің жазуынша, 1841-1898 жылдарында ғұмыр кешкен. Батыс Қазақстан облысындағы Теректі ауданының «Жана қоныс» колхозында туған. Ескіше Қарашығанақ болысы, Көбен көлі. Марабайдың Есжан, Досқай, Құлқай, Ізбас, Итемген дейтін бес перзенті болыпты.

Халық әдебиетінің білгірі Мәлік Ғабдуллиннің жыршы-ақындардың суреткерлік қолтаңбасын, шеберлік сырларын, жыр сюжеттерінің желісін сақтай отырып, өзінше мәнермен жырлайтынын, тыңдаушылардың ықылас-ниетімен санасып отыратынын, «ерлік қимылды, көтеріңкі пафосты, атыс-шабыс, жорықтарды түйдектете, асқан шапшандық шабытпен айту үшін өлеңнің оралымды түрі — жырды қисынды қолданатынын, «оқиғаны басты кейіпкер арқылы дамыту оқиғаны тізбектеп жырлау әдісін» пайдаланатынын, «буын саны мен ырғақ, екпіннің бір қалыпта сақтайтынын жіріктеп талдайды. Мұрын жырау, Нұрпейіс, Айса, Біржан, Мергенбай айтатын нұсқаларды салыстырып тексереді. Мәселен, Нұрпейіс жырлауында Қобыланды алысатын Барсахан да «ертегінің жалғыз көзді дәуі» секілді. «Мен жырдың негізгі әңгімелерін ұғып алдым да, оны өзімше жырладым» дейді Нұрпейіс Байғанин (157-6.). Оны «күрделі сюжетке құрылған эпикалық жырларды» толқындата туындатқан өнерпаз дейді.

Мәлік Ғабдуллин Қобыланды батыр тарихта болған адам ба,

өлде әдебиеттік образ ба деген мәселеге де ықыласын аударады.

Тұрмыс-салт жырларының қатарында «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларын да талдап-түсіндіру орайында тарихилық пен деректілік тән. Мәлік Ғабдуллиннің жазуынша, шығыстанушы Саблуков «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» бір нұсқасын 1830 жылы көпектілік бір жыраудан хатқа түсірген. Сонан соң Аягөз сыртқы округтік приказының тілмашы Андрей Фролов 1841 жылы жазып алған. Шоқан Уәлиханов 1856 жылы естіген. А.С.Пушкин Орынбор жерінде қазақ ауылдарын аралағанда, жырдың негізгі желісін жаздырып алған-ды. М.Путинцев 1856 жылы орыс тіліне аударып бастырған. Академик В.В.Радлов өзінің үшінші томына (1870) қосқан.

Эпостанушы Мәлік Ғабдуллин «Айман-Шолпан» жырының (Қазан, 1896) тарихилық, композициялық ерекшеліктері жайлы пікір өрбітсе, айтыстың генезисін, жанрлық түрлерін, «Біржан мен Сара айтысының» көркемдік құрылымын ыждағатты қарастырады.

«Халық әдебиетін жинайық» («Төте оқу», 1938, 21 август, № 32) деп дабыл қаққан Мәлік Ғабдуллин эпостық жырлардың шығу тарихын, поэтиксын, стилистикасын, жыршы-ақындардың шығармашылық еңбегін, қазақ ауыз әдебиетінің этно-мәдени, тарихи, көркемдік әлемін, ұлттық ойлау айшықтарын жан-жақты таразылап, ел әдебиеті хақында саликалы сөз, берекелі ой қалдырды.

Дана суреткер М.О.Әуезовтің музейі жанындағы академик Рахманқұл Бердібай басқарған Алматы қалалық қазақ әдебиеті және өнер университеті Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 70 жыл толуына байланысты өткізілген сабағында (1985 жыл, 15 қараша) академик Исмет Кеңесбаев ойын былайша өрнектегенді: «Мәліктің мүшел тойы — қазақ зиялыларының ғана емес, күллі халқымыздың мақтаншы мерекесі. Мәлік бейнесі — еліміздің сегіз қыры, бір сырлы әрі ер азаматы, әрі ірі ғалым, әрі шын мәніндегі Отан солдаты бейнесі. Мәліктің мәшһүр болуының себеп-салдары да жұртшылығымызға аян. Біріншіден, ұлтымыздың жүрегін жарып туған ең әдепті, ең сүйкімді, оң тәрбие көрген перзенті еді, екіншіден, сонау көне тірліктің шын сыр-сипатын сарқа тани білген, соны даңғыл болмысты, өміршен тарихты терең түсіне білген үлкен ғалым еді, үшіншіден, «ұлық болсаң, кішік бол» деген ізгі дәстүрдің жол-жобасын ту етіп ұстаған, дос-жаранға ізет еткен, жауға қатал жан еді.

Ол-рухани дүниеміздің ең шұрайлы саласы — эпос тарауын жетер жеріне жеткізген, жан-жақты зерттеушілеріміздің бірі. Бұрын-соңды ой сайыстарын, мәтін мазмұнын ғана емес, оның қилы-қилы дүниетаным, көркем қасиетін, әдеби образ, оның психологиясын, сана-сезімнің өрбу, өрлеу деңгейін Мәлік сарқа зерттеді. Сондықтан да ол қазақ мәдениеті тарихынан өзінің заңды орнын алды. Қазақ халқының ұлы баласы — Мәлікке тағзым еткім келеді!».

Хас батыр, қайран жақсының бейнесіне толық жарасымды ақиқаттың аппақ туындай айшықты ақ адал пікірге не жетсін!

ҚАРАПАЙЫМДЫҒЫМЕН БИІК ЕДІ

Ойлап қарасам, студенттік кезімде Алла-тағала маған небір ғажайып ұстаздардан тәлім алу бақытын нәсіп еткен екен. Шынайы ұстаз шәкіртіне берген білімін бұламайды, міндетсінбейді. Олай етсе, оның несі ұлағаттылық, ұлылық болсын?! Бәлкім, содан шығар, ондай жандардың берген ілім-білімдері көкірегіме мейлінше мығым орнығып, өмірімнің талай белестерінде көдеме жарап келеді. Сондай ұстаздарымның бірінің ойыма оралып отырғаны...

«Мәлік батыр». Ғалым Тұрсын Сыдықовтың осы аттас дүниесін қайталап оқып отырмын. Жеңістің 65 жылдығы тұсында жазылған екен. Осы бір естелік біздің де көңіл-мұрағатымыздың көзге көрінбейтін кілттерін жаймен бас бастағандай. Ойға 1972 жылдың күзі оралды.

Ауыз әдебиетінен сабақ беретін мұғаліміміз, бір айлық дәрісінен кейін, бір күні бізге: «Менің шұғыл ғылыми жұмыстарым болып тұр. Келесі аптадан бастап сендерге басқа мұғалім сабақ береді. Кім келетінін деканат айтар» — деді. Алайда келесі апта ішінде деканат тарапынан еш хабар болмады. ҚазМУ-дың тіл-әдебиет факультетінің бірінші курс студенттері, сабақ кестесі бойынша, фольклор пәнінің басталуына күтіп отырғанбыз. Бір кезде аудиторияға сұрғылт әрі сәл көнетоздау плащ-пальто киген бір бейтаныс мұғалім кіріп келе жатты. Дүр етіп орнымыздан тұрдық. Сәл жымиған күйі мұғалім рақмет айтып, орнымызға қайта жайғасып жатқан бізге мейірлене қарап тұрды. Жанарында айтып жеткізгісіз шуақ пен имандылық тұнып тұрған еді. Дәл сол сәт алыс ауылдағы өз әкем сонымнан іздеп келіп, сағынышпен қарап тұрғандай көрінді маған.

Кейін білсем, осы сәт басқа да біраз курстастарыма дәл солай әсер еткен екен. Себебі, туған шаңырақ, өскен ауылымыздан бұрындары ұзап көрмеген біздей «мұңлыққа» сол кездері жетпей жатқаны әке-шеше мейірімі болатын. «Мен сіздерге осы семестрдің соңына дейін ауыз әдебиетінен дәріс окитын боламын».

Ол кісі бұл сөздерге терең мағына бере, басыңқы айтты. Содан кейін дауысын едәуір пәсейтіп, маңызсыз бір нәрсені хабарлайтындай-ақ: «Аты-жөнім — Мәлік Ғабдуллин» деді. Аудитория ішінде сілтідей тыныштық орнады. Аңызға бергісіз батырлықтары жайлы бала жастан оқып ержеткендіктен болар, өз көзімізге өзіміз сенер емеспіз. «Майдан очерктері», «Сұрапыл жылдар», «Менің майдандас достарым» атты кітаптарын оқи отырып, ол кісі басқарған ротаның қан майдандағы шешуші нүкте — Дубосеково сияқты басқа да маңызды еректерді қорғауда қандай жанқиярлықты беріктерге қарағандарын мектеп қабырғасынан оқып өскенбіз...

Қысқасын айтқанда, алдымызда тұрған ұстазымыздың Кеңестер Одағының Батыры атағын не үшін алғанын тым жақсы білуші едік. Әлде біздің ұрпақ кітап оқуға құмар боп өсті ме, әйтеуір, Мәлік батыр жайында мағлұматымыз мол болатын. Кейінірек кітапханадан іздестіріп жүріп, ол кісіге Батыр атағының 1943 жылдың 30 қаңтарында берілгенін білдік.

*Батырым — Мәлік беренім,
Жүйрігім, озған өренім.
Халқы сүйген қалаулым,
Жырымды саған төгемін, —*

деп жырлаған екен Жамбыл баба сол бір сұрапыл соғыс жылдарында.

Әрі мектеп қабырғасында Мәлік ағаның авторлығындағы «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты оқулығын сабақ кестесі бойынша оқығанымыз тағы бар. Антарылысты тыныштықты Мәлік ағаның өзі бұзды. Осыдан басқа өзі жөнінде бір ауыз сөз айтпастан, бірден дәріс оқуға кірісті. Ол кісінің әрбір лөбізін зейін қоя тындап, санамызға сіңіріп қалуға тырысатынбыз. Себебі, ең күрделі деген ойы мен ғылыми



тұжырымының өзін керемет қарапайым тілмен жеткізуші еді. «Елуінші жылдары жоғарыдағылар Қобыланды батырды «плохой мальчик» деді. Олай емес екенін дәлелдеуге, айтысуға, тартысуға тура келді. Дәлелдедік те...» — дейді Мәлік аға.

Міне, сырттай қарағанда қарапайым боп көрінетін ұстаз М.Ғабдуллиннің екі-үш сөйлемдік ойлары әдемі бір үйлесіммен өріліп, біріне-бірі осылайша сатылай жалғаса беретін. Өз еңбегі жөнінде өте қарапайым айтатын. Тіпті, біреудің еңбегі сияқты баяндаушы еді. Осы қарапайымдылығы ол кісіні біздің көз алдымызда тіптен биіктетіп жіберетін.

Ол кісі дәріс барысында көбінесе тақырыптың ғылыми зерттелу жайттарына көбірек тоқталып, негізінен, біздің аналитикалық ойлау жүйемізді дамыта түсуге тырысушы еді. Сабақтан соң Орталық кітапханаға барып, ғылыми еңбектерін іздестіріп оқығанда ғана ол кісінің Қобыланды батырды «плохой мальчик» деген жаладан арашалап алу үшін отқа да, суға да түсіп, қызыл империяның өте астамшыл идеологиясы қаһарынан халықтық жәдігерлерімізді қалай қорғап қалғанын аңғарғанбыз. Екінші сөзбен айтқанда, Компартия басшылығымен жүргізілген: «Қазақ ұлттық фольклоры деген кертартпа, мардымсыз дүние. Оны борт сыртына лақтырып тастау керек!» деген саясатына қасарыса қарсы шықты. Мұндайда жүргізілетін советтік жазалаулардан да қаймықпастан, әрбір жыр-дастанның халықтық, ілгерішіл сипаттарын ғылыми бұлтартпас дәлелдермен ақтап ала алды.

Шындығын айтар болсақ, әлгіндей қызыл террордан, жазалаулардан қаймыққан кейбір ойшылдарымыздың өзі қазақ ауыз әдебиетінің небір қайталанбас жәдігерлері туралы теріс қазқарас білдіруге дейін барған болатын. «Замандары түлкі болған» соң «тазы боп шалуға тырысқандары» да! Айыптаудың өзі қиын ол кісілерді. Әлгіндей алмағайып заманда М.Ғабдуллиндей батыр ғалымдарымыз болмаса, бәлкім, Қызыл Кремль: «Қазақ әдебиеті Совет кезеңінен бастау алды. Одан бұрын қазақта әдебиет те, көркемөнер де болған жоқ! Жабайы бір халық еді» деуден тайынбас та еді...

Мәлік ағаның қазақ ауыз әдебиетін зерттеу саласына қосқан басқа да қомақты үлесі туралы өз бетімізше оқып, біліп жүрдік. Нактылай айтар болсақ, аспирант М.Ғабдуллин Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі ғылыми ізденістері барысында «Қобыланды батыр» жырын ғылыми-зерттеу проблемалары» деген тақырыпта едәуір ізденістер жүргізген екен. Алайда соғыс киіп кетіп, ниет еткен осынау халықтық ісін едәуірлерден шегере тұруына тура келген еді. Соғыс аяқталғаннан кейін екі жылдан соң, яғни 1947 жылы аталған тақырыбын одан әрі түбегейлі зерттей

түсіп, ғылыми диссертациясын қорғап, филология ғылымының кандидаты атағын иеленген болатын. Арада тағы біраз жылдар өткенде ғалым ағамыз қазақ ауыз әдебиетін зерттеушілер үшін ғылыми-әдістемелік шарттарды қамтитын еңбек жазып, ғылымдағы осы бір соны саланы қалыптастыруға айрықша үлес қосқан екен. Сонымен бірге «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» деген қомақты дүние жазып, онда «ауыз әдебиеті үлгілерін бала тәрбиесінде қалай тиімді пайдалануға болады» деген өзекті мәселені қозғаған болатын.

...Айтпақшы, «Мәлік батыр» атты мақалада айтылғанындай, «дәрісіне кешігіп келу» демекші... біздің үш-төрт курстасымыздың сабаққа бес-он минут кешігіп, аудиторияға мұғалімнен кейін келетін «әдеттері» бар еді. Мәлік аға сондай майда «прогулыщиктерді» мәдениетті түрде орындарына қоя білді. Аудиториямен амандасып болғаннан кейін, кешігушілердің бар-жоқтығын анықтап алады да, оларды бес-он минуттай күтіп, дәрісін бастамастан отыра тұратын. «Біздің айтқандарымызды ол кісілер естімей қалса, ыңғайсыз, әрі обал болар» дейтін. Іле-шала әлгілер опыр-топыр болып, сәл-пәл ыңғайсызданып, аудиторияға кіріп келе жатады. Ұстазымыз сонда қабағын шытпастан: «Отырындар, айналайындар, отырындар. Енді сабағымызды бастай берсек болатын шығар» дейтін жылы жымиыспен. Үнінен де, тұтас болмысынан да не кіжінуге, не бір кекетіп-мұқату байқалмайтын. Осындай екі-үш мәрте күтуден кейін-ақ «М.Ғабдуллиннің сабағына кешігу» деген ұғым студенттер санасынан түбірімен жойылған болатын. Сонда ғана білдік: шәкіртті ұрмай-соқпай, ұрыспай-сөкпей тәрбиелеп, оның тұтас өміріне жалғасатын көркем мінез, келісті дағды қалыптастыруға болады екен.

Жаратушымыз бізге Мәлік ағадай ұстаздан үш айға жуық тәлім алу бақытын сыйлаған екен-ау! Бұл бақыт мәңгілікке жалғасатындай көрінуші еді. Бар болғаны сол үш айда ағаның алдынан үш жыл дәріс алғандай әсерде болдық. Дәріс болғанда да, қазақ ауыз әдебиетіне қатысты ғана емес, өмір атты үлкен сынақ алдындағы терең де пайдалы кеңестерге толы дәрістерді тындап, ұлағатты үлгі-өнегеге кенелдік деп ойлаймын. Сол семестр Мәлік ағаның ұстаздық соңғы қызмет кезеңі болған екен ғой. Көкірегінен терең бір сырыл естіліп тұрушы еді...

Ол кісімен қоштасу Ғылым академиясы ғимаратында, қаңтар айының басында болды.

Қайран, жалған, дүние-ай!..

Нұрлытай ҰРКІМБАЙ,
журналист

Бір нәрсе анық. Күнделік те, хат та — бір жанр. Кісі баласы, басқасын білмеймін, бұл бағыттағы жазбаларында қашан да шынайы сөйлейді. Жүрекжарды лебізін ашық білдіреді. Ол ойдан шығару, қосу, алу емес, нақты ой, деректерге негізделген кісілік келбетінің көрінісі, жүрек лүпілі. Былайша айтқанда, жүрек сөзі. Бұл жазбалар үстінде оған шындықпен бетпе-бет болуға тура келеді. Сондықтан арының алдында ақ, жалған сөйлей алмайды. Кісінің бір-бірінің бағасын білуі, құрметтеуі де оның өнебойында шүпілдеп тұрады. Тіпті, мазмұны, көркемдігі тұрғысынан әңгімеге бергісіз хаттар да болған. Оған мысал келтірсек, алыстап кетеміз.

Ойымызға бұдан әрі терең маныз, мазмұн бере түссек, ұлттың төлтума болмысы, аса маңызды тарихи дерек, дәйек заманның әр тұсында жазылған хаттар,

«ҚАДІРЛІ ҚАЛИ! АМАНШЫЛЫҚ ПА?»

Уәде бойынша даулы күйлердің күйтабақтардағы (пластинка) көрінісі туралы дерек бермекшімін. Күйтабақтардың бәрі де М.Т.Ташмұхамедов атындағы Ташкент заводынан шыққан.

1. «Зар қосбасар» («Қосбасар» деп те аталады) күйі Секен Тұрысбековтің тартуында Тәттімбеттің күйі деп шықты. Гост. 5289-8. С-32. 26277.002.1988 ж.

«Зар қосбасар» күйі «Қосбасар» деген атпен Төлеген Момбековтің тартуында Тәттімбеттің күйі деп шықты. Гост. 5289-73. Д-21789.

«Зар қосбасар» күйі «Қосбасар» деген атпен Жапбас Қаламбаевтың тартуында Тәттімбеттің күйі деп шықты. Гост. 5289-61. Д-18571.

2. «Жолаушының жолды қоңыры» күйі сегіз күйтабақтан тұратын «Қазақтың аспапты музыкасының антологиясы» жинағының 1-табағына Халық күйі деп берілді. Тартушы Төлеген Момбеков. Гост. 5289-80. Д-025563.

«Жолаушының жолды қоңыры» күйінің екі варианты Төлеген Момбековтің тартуында Халық күйі деп шықты. Гост. 5789-73. Д-21789.

«Жолаушының жолды қоңыры» Генерал Аскаровтың тартуында Сүгірдің күйі деп шықты. Гост.5289-73. М-31. 37012.

3. «Қаратаудың шертпесі» сегіз күйтабақтан тұратын «Қазақтың аспапты музыкасының антологиясы» жинағының 1-табағына Халық күйі деп берілді. Тартушы Төлеген Момбеков. Гост. 5289-80. Д-025563.

«Қаратаудың шертпесі» Төлеген Момбековтің тартуында шыққан күйтабақта Халық күйі деп берілді. Гост.5289-73. Д-21789.

4. «Бозінгеннің бүлкілі» («Бозінген» деп те аталады) сегіз күйтабақтан тұратын «Қазақтың аспапты музыкасының антологиясы» жинағының 1-табағына Халық күйі деп берілді. Тартушы Төлеген Момбеков. Гост.5289-80. Д-025563.

«Бозінгеннің бүлкілі» Төлеген Момбековтің тартуында шыққан күйтабақта Халық күйі деп берілді. Гост.5289-73. Д-21789.

«Бозінгеннің бүлкілі» күйі Генерал Аскаровтың тартуында Сүгірдің күйі деп шықты. Гост.5289-73. М-31. 37012.

Бұлардан басқа кейінгі жылдарда шыққан күйтабақтар мен кітаптардың бәрінде дерлік аталған төрт күй де Төлеген Момбековке телініп жүр. Бұл мейлінше жаңсақ, қиянат тірлік.

Мен күй өнеріне әлдекімдер сияқты жол-жөнекей ғана ден қойып жүрген адам емеспін. Күй шіркінге өмірімді арнаған адаммын. Бәрін былай қойғанда, Төлегеннің аруағын сыйлап, о дүниелік болған адамға жала жаппау керек. Бұл төрт күйді де Төлеген өз күйім деп тартпағанда, ол күйлерді өлген адамға зорлап теліп, қолдан «плагиат» жасау аруаққа қиянат болады.


Төлеген марқұм мейлінше шыншыл, иманы көмеінен төгілген адам болатын. 1979 жылы 23 ақпан күні «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналының редакциясында Төлеген Момбековпен кездесу болды. Сонда Төкең тартқан күйлерінің тарихын айта отырып, «Зар қосбасарды» Тәттімбеттің күйі деп, ал «Қаратаудың шертпесі», «Бозінгеннің бүлкілі», «Жолаушының жолды қоңыры» күйлерін халық күйлері деп тартты. Бұл кездесудің жазбалары менде сақтаулы.

АҚАҢНЫҢ АМАНАТЫ

әсіресе, белгілі тұлғалардың бір-біріне жазысқан хаттары, тіпті, ауызекі әңгімесі арқылы да сақталып отырған. Мұндай хаттардың мазмұны сан салалы, көп мағыналы, тіпті, көтерген мәселелері әлі күнге өткір, өзекті күйінде болып келеді.

Архивімізде белгілі тұлғалардың жазған хаттары, ой-толғаныстары бар. Арнайы бір кітапқа арқау боларлық, паркы алтыннан да қымбат ол дүниелер жөнінде жазу келесі күннің еншісіне қалсын. Соның бірі ұстазымыз, аяулы Ақаң — Ақселеу Сейдімбектің жазған бірнеше хаты.

Енді соның бірін оқып көрейік, қалған түсініктемені сосын жалғастырайық.



Бұдан да қызық дерек айтайын. Жоғарыдағы төрт күйді де кезінде Қарағанды облысының белгілі күйші-домбырашылары Бегімсал, Сейтен, Тайжан деген кісілер тартатын. Бұл кісілер Төлегеннің әкесі құралпы адамдар еді.

Бұдан да ғажап дерек айтайын. Өткен ғасырдың 70-жылдарына дейін Қарағандының облыстық радиосының қорында жоғарыдағы төрт күйдің төртеуі де сақтаулы болатын. Онда «Зар қосбасар» Тәттімбеттікі, ал «Қаратаудың шертпесі», «Бозінгеннің бүлкілі», «Жолаушының жолды қоңыры» күйлері халық күйлері деп жазылған.

Осы орайда, япыр-ау, бұл күйлердің Арқа архивінде сақталуы қалай, Созақ төңірегінде тартылуы қалай деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Ел тарихын білетін адам үшін оның еш құпиясы жоқ.

Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы 1926-27 жылға дейін Асанқайғы ауданы аталып, жер көлемі онтүстігінде Созаққа дейінгі алапты қамтыған. Ол кезде көшпелі өмір салт, Жаңаарқа жұрты қысқа қарай Бетпақдаланы қиып өтіп, Шу бойын, Созақ өңірін қыстап қайтатын болған. Жаңаарқада туып-өскен Ықылас Дүкенұлының сүйегінің Шу бойында жатуы, сол көшпелілік кезінде қыста дүние салған. Жамбыл облысының Сарысу ауданының атауы да Жаңаарқадағы Сарысу өзенінің атауына байланысты қойылған. Яғни кәмпеске-тәркілеу, 32-ші жылғы аштық, 38-ші жылғы репрессия жылдарында Жаңаарқа жұрты Қаратау, Талас, Шу, Созақ төңірегіне ауа көшкен. Керек десеңіз, Сүгірдің де туып-өскен жері Жаңаарқа ауданының Жөніс деген елді-мекені. Күні бүгінге дейін бұл ауылда Сүгірдің ет-жақын ағайындары тұрады.

Мұның бәрін айтып отырғаным, «Ауыл — ауыс, ырыс — жұғыс» деген, ауған елмен бірге рухани мәдениеттің де бірге жететініне күмән жоқ.

Жаңаарқа төңірегінде репрессия жылдарында тек қана күй тартқаны үшін төрт бірдей күйші атылды. Әбікен Хасенов күй тартқаны үшін сотталды. Сәкен Сейфуллин атылды. Демек, бұл өңір күйшілері Хрущевтің жылымығына дейін домбыра ұстауға қорықты. Одан кейін «тың тарландары» халықты дәстүрлі мәдениетінен жанылдырды. Бұл кезде Созақ өңірінің жұрты қазақы қалыптарын сактай отырып, ес жиып, етек жапқан тұста күйге ден қоюға мүмкіндіктері болды. 50-60 жылдары Созақ өңірінен күйдің шалқи көтерілуінің бір сыры осында еді.

Түйін сөзім, «Зар қосбасар» Тәттімбеттің күйі, ал «Қаратаудың шертпесі», «Бозінгеннің бүлкілі», «Жолаушының жолды қоңыры» күйлері еш күмәнсіз халық күйлері деп білемін. Бәрін былай қойғанда, бұл күйлердің өз болмысы халық күйлері екенін, байырғы сарын екенін әйгілеп тұр. Бұл күйлердің бітім-құрылысы, саз-сарыны, әуен-ұйрағы Сүгірге де, Төлегенге де мүлде келмейді.

Менің жағам жайлау болып, шүкірлік ететінім, ең бастысы күй бар ғой. Күй өлген жоқ қой. Ал халықтың мәртебесін көтеретін өнімсіз дау-дамай емес, өлмес өнер болса керек.

Әзірше осы.
Аманшылық болғай.
Зор құрметпен, Ақселеу.
19.02.03 жыл»

Ғұламаның бұл хатына не алып, не қосуға болады? Ештеңе де. Енді осы хаттың жазылу жайына қысқаша тоқталып өтейін. Екі мыңыншы жылдардың басында «Жас Алашта» бітім-болмысы ерекше, қайта тумамайтын Сүгір күйшінің шығармашылығы төңірегінде дау-дамай басталып кетті. Қазақтың айтысы біте ме, осы мәселе шырқау шыңына жеткен тұста бір күні Ақселеу аға телефон шалды. «Әй, Қалижан-ау, мына шалды шаршаттыңдар ғой түге. Бұл қашан тоқтайды өзі» деді. «Сіз бір үлкен сөз айтпасаңыз әл-әзір тоқтамайды-ау деймін» дегенім сол еді, «Онда мен сенің атына хат жазайын, бірақ оны Арқа жақтан, басқа адамның атынан бер» деді. Осыған келістік. Бұл хат өнбейтін дау-дамайдың саябырсуына бірталай себепкер болды. «Демократия ауыздықталса ғана демократия, ал біздің демократиямыз тұмалдылығы алынған қабаған ит сияқты» деп өзі айтпақшы, ол тұста демократиялық ойлау деңгейі бүгінгідей дәрежеге жете қоймаған (қазір де жетісіп тұрғаны шамалы). Хатты өз атынан бермеген себебі, әлгі дау айтушылардың ішінде сыйлас әріптес ағалары да бар еді. Сірә, солардың да көңіліне қараған болуы керек. Хат басқа адамның атынан шыққанымен, одан бәрібір Ақаңның қолтаңбасы айқын сезіліп тұр еді. Айтпағым, Ақаңның аманаты туралы. Осы бір хаттың өн бойындағы дерек, дәйекпен қоса, күйдің болмысы, елдің тарихы жөніндегі жағдаяттар да айрықша ден қойғызады. Ақаң қандай мәселеге ден қоймасын, жан-жақты қамтып, қопарып жазатын еді ғой. Бұл жолы да сол дағдысынан жанылмай, аз дерекке көп мағына сыйғызып, ешкімге бүйрегі бұрмастан тура сөзін айтты. Бұдан бұрынырақта Ақаң жөнінде жазылған бірнеше жарияланымда бұл хат жөнінде шетсуыртпақтап айтқаныммен, толық мәтінін пайдаланған жоқ едім. Бұл жолы аманатқа қиянат болмасын деп толық нұсқасын жариялап, аз-кем түсініктеме жазуды мақұл көрдім.

Әрине, «жанылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» демекші, Ақаңнан да ағаттықтар кетуі әбден мүмкін ғой. Сондықтан бұл да тоқтап пікір емес, әркімнің өз ұстанымы, көзқарасы, дерек, дәйегі, қисыны болады. Оны да

ескеру керек шығар. Сүгір күйші қай кезде де ешкімге ұқсамайтын стиль, болмысымен өзін ақтап алары сөзсіз. Бұл сараптама оның біртуар болмысына көлеңке түсіре алмайды. Кезінде Әбікеннің «Қоңырын» да Сәкеннің күйі деп айтқандар болған. Сондықтан бұл да ұдайы өзгерістерге түсіп отыратын пікір болуы мүмкін.

Енді бір жазбасында Ақаң былай депті:

«НҮРТӨРЕ! ҚАЛИ!

«Қарынның ашқанынан емес, қадірдің қашқанынан жазылды. Балақтағы бит басқа өрледі. Бассыз үйдің иті осырақ болды.

Мақаланы құп көрсендер, кешіктірмей басу керек.

Орайы келмесе өкпе жоқ.

С.Ақселеу.
23.06.99 жыл»

Ақаң тәуелсіздіктің алғашқы тұсында халқымыздың рухани болмыс-бітімінің сақталуы тұрарсында көп толғаныстарға барып, өз пікірін ғажайып дерек, дәйектермен талдап, біртұтас мақалалар шоғырын жариялады. Соның бір сағасы ретінде ұлттық арналардың, жалпы Қазақстанға тарайтын ресейлік, сонымен қатар, басқа елдердің арналарындағы жүгенсіздік туралы күн-түн отырып зерттеген аналитикалық мақалаларды айтуға болады. Қайсыбір жылы «Алматы ақшамының» 20 жылдығына Астанадан арнайы келіп, бас редакторлар жиналған сол жиында осы мәселе төңірегінде айрықша тебіреніп сөйлеген де есте. Соншалықты байыбына жетіп, терең зерттелген телеарнадағы жаға ұстатар сұмдықтар жөніндегі оның озық пікірлері сол тұста бізге рухани бағдарлама, бағыт-бағдар болғаны анық еді. Егер жаңылмасам, Ақаң жазбасындағы өтініш осы тақырыптағы мақаланың жайы болса керек. Дейтұрғанмен де, бұл мәселенің де бүгінде шешімін тауып кеткені шамалы. Мәселе бәрібір қалды.

Жалпы, Ақаңның деңгейіндегі тұлғалар өміріне дендеп енген сайын оның өзге қырынан жарқырап ашыла берері сөзсіз. Ұстаз жөнінде жазылған әр кездегі ой-толғаныстарымызда оның айрықша бітімін бедерлеуге, тануға біршама қадам да жасалды. Олар — қазына. Аршып ал да елдің игілігіне пайдалан. Себебі, олардың ой-толғаныстары, көтерген мәселелері қай кезде де маңызды, мазмұнды. Халқымыздың рухани-мәдени тегін, төлтума болмысын тарих теңінен аршып алып, шынайы зерделеп, қолымызға ұстатып кеткен мұндай кеменгерлердің кенесіне әрдайым құлақ түріп, оны басшылыққа алып отыру парыз, міндет.

Қазаққа үш Ақанды — Ахмет (Байтұрсынұлы), Ахмет (Жұбанов), Ақселеуді (Сейдімбекті) берген ғасырға мың тағзым! Бүгінгі ессіздеу қоғамның көзімен қарасақ, осылар болмаса біз рухани мүсәпірліктің құрсауында қалғанымыз қалған екен.

Қали СӘРСЕНБАЙ,
жазушы

БІЛІМ мен ҒЫЛЫМДАҒЫ БИІК ТҰЛҒА

90-ға келсе тұғырынан таймай, көптің құрметіне бөленіп жүрген асыл азаматтар арамызда баршылық. Солардың бірі — ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Рашит Қазыханұлы. Ғалым өмірінің 60 жылын ғылымға арнаса, әлі де тұғырдан таймай шәкірт тәрбиелеуден алыстамаған. Өз саласының білгір маманы жастарға берер ақыл кеңесі мен білімі, мол тәжірибесі көпке үлгі-өнеге. Сондықтан болар ұлағатты ұстаз жоғары білім ордасында қашан да құрметті, әрі үлкен абырой иесі. Әсіресе, болашақ жас ғалымдар білімде биік, ғылымда заңғар ғалымнан үйренуге тырысады. Сондай-ақ Рашит Қазыханұлының бойындағы зор адамгершілік, кішпайылдылық, қарапайымдылық ғалымның абыройын асқақтата түседі. Осыдан болар ғалым қашан да көптің ортасынан табылады. Оның табиғаты да ерекше. Көп дүниегі терең ойлап, ғылыми көзқараспен қарайды. Мұндай қасиет өскен ортасы мен туып өскен жерінің топырағынан дарыса керек.

Рашид Қазыханұлы қазақтың біртуар тұлғалары, атакты ғалымдар Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шапық Шөкіндерді өмірге әкелген Павлодар өлкесінің тумасы. Атакты ғалымдар дүниеге келген қасиеті жердің перзенті. 1935 жылы қараша айының 7 жұлдызында Павлодар облысы Май ауданы Көктөбе ауылындағы Шыған балық аулау ұжымында мұғалім отбасында дүниеге келген. 1958 жылы жиырма үш жасында Алматы малдәрігерлік институтын қызыл дипломмен бітіріп, еңбек жолын Павлодар мемлекеттік ғылыми-зерттеу тәжірибе станциясында қойды асылдандыру жөніндегі бөлімінде кіші ғылыми қызметкерліктен бастаған. 1959 жылы Павлодар облысындағы Қызыл Құрама қой шаруашылығы кеңшарының бас зоотехнигі қызметіне тағайындалады. 1963 жылдан бастап, ғылымның қия жолын тандап, содан бері 60 жылдан астам уақытта Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебімен өмірі мен қызметін тығыз байланыстырады.

Бұл ұзақ өмір жолының сатысы сәтті де, жемісті болып, білім мен ғылымда мол тәжірибе мектебінен өтеді. Алдына зор мақсат қоя білген жас ғалым білім мен ғылымға өмірін арнайды. Ғылым жолында өзінің еңбекқорлық, ізденімпаздық қасиетінің арқасында мақсат еткен өмір өткелінің парактарын ашады. КСРО кезінде және тәуелсіздік Қазақстанымыздың ғылымдағы және жоғары білім мектебіндегі ең жоғары атақтарына ие болуы — соның дәлелі. Атап айтқанда ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, қазақ ауыл шаруашылығының академигі деген атаққа ие. Мұндай табысты жетістіктерге ғылым мен білімнің кара шаңырағы саналатын Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ аг-

ротехникалық университетінде қол жеткізіп, бірқатар лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды. Ұжымның ғана емес, отандық ғылым саласында үлкен құрметке ие болып, жемісті еңбек етті. Дана халқымыз «Бәйтерек бір жерде көгеріп, жеміс береді» дегендей, Рашит Қазыханұлының азамат, ғалым, ұстаз ретінде қалыптасуына өзі қызмет атқарған ұжым зор ықпал етті. Жоғары оқу орнында ол кафедра меңгерушісі, факультет деканы сатыларынан өтіп, шәкірт тәрбиелеуде игілікті еңбегімен жарқырап көрінді. Жасына қарамастан, қазір де ұстаздық еңбегін абыройлы атқарып, ғылыми кеңесші қызметін атқаруда. Алпыс жылдан астам ұстаздық-педагогикалық жұмыстарына арнаған Рашит Қазыханұлы ауылшаруашылығы ұжымдарын басқарушы, жоғары білімді де білікті мамандар даярлау, олардың белгілі мамандықты меңгеріп қана қоймай өз ұлтының салт-дәстүрін жетік, әрі жан-жақты, жарасымды азамат болып қалыптасуына ықпал жасаса, зооинженерлік, кейін технологиялық факультетіндегі кафедралардың материалдық-техникалық базасын кеңейтіп-нығайтумен бірге, оқу орнының әлеуметтік жағдайын көркейту, оқу-тәжірибе жұмыстарының ғылыми негіздерін ұйымдастыру проблемаларын терендету мен ойдағыдай меңгеру саласында шәкірттер тәрбиелеуде үлкен, әрі жауапты істер атқарып жүргені көпке аян.

Әрине, жоғары оқу орны белгілі профессормен бірге қызмет жасап, мол білімі мен тәжірибесін бірге игеру ұжымдағы педагог-ұстаздар үшін де мақтаныш және абырой десе артық емес. Білгенін үйретіп, жастардың ізденістеріне дем беруші тәлімгер болуда білімділіктің, парасаттылықтың және ізденімпаздықтың жемісі.

Аса көрнекті кеңес дәуірінің физик ғалымы, академик П.Л.Капица ғалымның таланты ашылу үшін, оның арнайы қоршаған ортасы болғаны абзал деп айтып кеткен. Қоршаған ортасында білімі терең, рухы биік, көзқарасы адал, ғылымдағы тәжірибиесі мол ғалымдар көп болса, жас ғалымдардың таланттарын іске еңгізу, оларға дұрыс бағыт беру жолдары анықталады. Ұжымда ерекше шығармашылық шабыт пайда болатыны да заңдылық. Оны ғалым өзі қызмет істеген ортада пайдалана білді. Әрі дұрыс бағдармен іске асырып келеді.

Ал профессор Рашит Қазыханұлының ғалымдық баспалдағы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына келетін болсақ, ол еліміздің екі белгілі ғылыми ұжымдарымен тығыз байланысты екенін білеміз. Ол жоғарыда атап өткендей, біріншісі — Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті болса, екіншісі — Қылыбай Медеубеков атындағы Қазақтың ғылыми-зерттеу қой шаруашылығы институты. Болашақ ғалымның ғылым жолының

басында Целиноград ауылшаруашылық институтының ректоры М.А. Гендельман, Алматы зооветеринарлық институтының ректоры Ф.М. Мұхамедғалиев сынды ірі тұлғалардың ақыл кеңесі, білімдегі ізденісі тұрғандығын атап өту ләзім. Белгілі ғалым-селекционер В.Т.Шуваевтың ғылыми жетекшілігімен жергілікті қой тұқымдарының саулықтарынан керемет мықты жартылай биязы жүн өндіретін ағылшын қой тұқымдары линкольн, ромни-марш, бордерлейстер қошқарларының қолдан ұрықтандырып, сол кездегі аса қажетті жаңа кроссбред қойларының тұқымдарын көбейтті. Себебі сапалы жартылай биязы кроссбред жүні жеңіл өнеркәсіп үшін жоғары сұранысқа ие болып, сапалы тоқыма бұйымдарын шығару үшін пайдаланылды. Жаңа кроссбред тұқымының жүн сапасын зерттеу қажеттілігі Рашит Қазыханұлын Қазақ қой шаруашылығы институтының жүн зертханасына әкелді. Жүн зертханасының меңгерушісі профессор В.В.Терентьевпен бірге будандастырылған жүннің қасиеттерін негіздеді. Сол жылдары академик К. У. Медеубеков басқарған қой шаруашық институтында ғалымдар мен талантты жастардың ерекше ізденісі мен еңбектері үлкен жетістікке жетелесе, бірқатар белгілі ғалымдар Қазақстан қой шаруашылығында ғылымға зор үлестерін қосты. Олардың ішінде ғалым-селекционерлер Кеңес Қасымов пен Темірғали Қасымовтармен бірігіп, Рашит Қазыханұлы да жаңа қазақтың жартылай биязы кроссбред тұқымын шығаруға атсалысып үлкен селекциялық нәтижеге қол жеткізді. Профессордың будан төлдерінің өсіп-жетілу, олардан алынатын ет, жүн, сүт өнімдердің молаю мүмкіншілігін зерттеп қомақты эксперименталды нәтижелерге жүгініп, жаңа қой тұқымының өндіріске аса қажеттілігін көрсетті. Солтүстік өңірінде жерсіндіру болатындығын анықтады. Мен сол жылдарда Рашит ағамызбен таныстым. Себебі, қой шаруашылық институтында ғылыми хатшы, директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары болатынмын. Ал ғалым ағамыз ғылыми-зерттеу институтына жиі келіп, ғылыми кеңесте өзінің ғылыми жұмыстарын мен ғылыми әдістемелерін ортаға салатын. Басқа ғалымдардың да зерттеу ізденістерін талқылап, жетістіктер мен кемшіліктерін ортаға салса, келешекке бағдар мен бағыт беретін. Сонымен қатар ғалымның ғылымдағы тың баяндамалары мен еңбектері қашан да жоғары тұрғыда бағаланып бекітілетін. Ғалым Рашит Қазыханұлының ғылымдағы жетістігіне менде көңілім толып, ол кісіге жақсы іні болсам, ол кісі мен құрметтейтін жақсы аға болды. Бір-бірімізге құрметіміз ерекше еді. Соның бір ғана дәлелі. Рашит ағам маған үлкен сый құрметпен өзінің «Овца кормит, одевает» кітабын қол таңбасымен тарту еткен. Бұл мен

үшін құрмет. Онда: «Қымбатты баурым Жомарт Әшімұлына! Сізге шын жүректен қызықты өмір, бақытты болашақ тілеймін!».

Жүрегі кең ғалымның маған жазған асыл тілегін бүгінгі таңда оқып, бірге болған жылдарымды қашан да еске алам. Не деген даналық, жомарттық, жас ғалымға жүректің ең түбіннен шыққан ақ тілек арнауы менің өміріме дем берді. Сол тілек маған күшқайрат сыйлады. Одан бері жарты ғасыр өтті, мен үшін бұл жылдар табысты болып, армандаған мақсатыма жеттім. Ғалымның ізін басып доктор, профессор атақтарына ие болып, еліміздің белгілі перзенті болдым. Аллаға мында бір шүкір демекпін.

Ағамыз екеуіміздің қарым-қатынасымыз тек қой шаруашылық институтында шектелмей, Сәкен Сейфуллин атындағы университетте ғылыми жұмыстармен де жалғасын тапты. Университет ректоры, докторлық кеңесінің төрағасы, профессор Бекен Өкенұлы Әлімжановтың шақыруымен мен 2007 жылы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің докторлық кеңесінің мүшесі болдым. Атакты академик М.К.Сүлейменов, профессорлар Л.В.Әлімжанова, Р.Қазыханұлы, Т.Есенеєв белді кеңес мүшелеріне қосылып, үш жылда талай жас мамандардың ғылымға, білімге деген жолын ашып, ғылыми деңгейлерін тереңдеттік, ақыл-келесімізді бердік.

Токсан сөздің тобықтай бір түйіні профессор Рашит Қазыханұлының ғылымда қомақты жетістіктеріне токтасак, ол біріншіден жаңа жартылай биязы қой тұқымдарымен қатар, қылшықты етті-майлы жаңа еділбай типті тұқымдары деп білеміз. Бұл жаңа қой тұқымдары өндіріске өте қажет болып табылады да, оңтүстік пен солтүстік аймақтарға жақсы жерсініп бейімделген. Екіншіден, профессор Рашит Қазыханұлының жоғары ғылыми-педагогикалық деңгейі. «Қой шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы», «Қой шаруашылығы өнімдерін өндіру және биотехнология» пәндері бойынша үздіксіз дәрісін қырық жылдан астам бері оқуы. Яғни ғалымның бұл еңбектері қашанда құндылығын жоғалтқан емес. Ұлағатты ұстаздың бойында еңбек сүйгіштігі, кішіпейлдігі, тапқырлығы, шәкірттеріне қамқорлығы, үлгі тұтар керемет қасиеті кімге болсын үлгі-өнеге. Ғылымда, білімде көп жаңалықтардың көзін ашып, шәкірттерін армандаған армандарына жеткізеді. Шәкірттерімен бірігіп, Рашит Қазыханұлының 250-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрді. Ол еңбектер қой шаруашылық ғылымының дамуына ерекше үлесін қосып келеді. Атап айтқанда «Қой шаруашылығы, қой өнімдерін өндіру технологиясы және өңдеу негіздері», «Овца кормит, одевает» деген кітаптары зоотехния саласында маңыздылығы зор ғылыми еңбектер деп бағаланады.



Сондай-ақ Рашит Қазыханұлының басшылығымен екі жас ғалым кандидаттық, бір ғалым докторлық диссертация қорғады. Тоғыз шәкірт магистр атағына ие болды.

Еліміз белгілі білім және ғылым қайраткері Рашит Қазыханұлы ғылымдағы еселі еңбегін жоғары бағалап, «Құрмет» орденімен марапаттады. Ал К.А.Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясы зоотехния саласында аса жоғары селекция жетістіктері үшін Е.Ф.Лискун медалімен марапаттауы ғалымның ғылымдағы зор жетістігі. Ғылымда осындай құрметке ие болған жан еңбегімен үлкен абырой иесі болумен қатар отбасының пейіл берекеті де. Сүйікті жары Зұра қажы Жетішқызы әрқашан Рашит ағамыздың көңілінен шығып, өмірде де, еңбекте де шабыт беретін құтты шаңырақтың ұйтқысы. Өте қарапайым, ішкі дүниесі сұлу, жоғарғы санаттағы терапевт дәрігер, «Қазақстанның денсаулық саласының үздік дәрігері». Денсаулық сақтау саласындағы ұзақ жылғы еңбегін бағалап, еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Берекелі де өнегелі отбасындағы бір ұл, екі қыз ата-ана үмітін ақтаған. Қыздары Сәуле әкесінің ізін басып мал маманы, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, университетте оқытушы-зерттеуші, шет тілдерін жақсы меңгерген. Ұлдары Ерлан жерге орналастыру маманы, өз ісінің жетік меңгерген болса, Раушан атты қыздары — дәрігер, косметика саласында зерттеуші ғалым. Балаларынан: Әмір, Қамилла, Әліма, Әдіна, Мәдина, Саида, Зұра атты немерелер сүйген ата-әже.

Ғасырға жасына бір табан жақындаған Рашит Қазыханұлы міне осындай бақытты ғалым десек артық емес. Өзі тандаған мамандық сүйіп, қоғамға, елге өзіндік үлесін қосқан ұлағатты ұстаз Рашит Қазыханұлының қысқаша өмірбаяны міне осындай. Бойында қарапайымдылық пен парасаттылық, еңбексүйгіштік, білімділік қонақтаған ғалым қашанда өз биігінде жарқырай бермек. Өйткені, отандық ғылымды асқақтатып, білімді де білікті мамандар дайындаған ғалым әруақта биіктен көрінеді.

Жомарт ҚАРАБАЕВ,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының докторы,
профессор, Ресей жаратылыстану
ғылымдары академиясының
академигі.

Дайындаған
Жексен АЛПАРТЕГІ,
журналист

ЧЕЛОВЕК СОЗДАЁТ СЕБЕ ПОДОБНЫХ ВМЕСТО ПРИРОДЫ И ВСЕВЫШНЕГО?

ЧЕЛОВЕК СОЗДАЁТ СЕБЕ ПОДОБНЫХ ВМЕСТО ПРИРОДЫ И БОГА?!

Если недавно писали об искусственной матке в роли инкубатора, то теперь в Китае уже создают первый в мире «беременный робот». Он имеет человекоподобную форму и оснащен искусственной маткой в брюшной полости, позволяющей вынашивать плод в течение 9 месяцев и имитировать процесс родов.

Это полноценная биологическая система, имитирующая весь репродуктивный процесс — от оплодотворения до рождения. Внутри матки эмбрион развивается в амниотической жидкости и получает питание через сложную сеть микротрубок, имитирующих кровеносные сосуды. Контроль температуры, уровня кислорода и давления жидкости обеспечивает встроенная система сенсоров и микроконтроллеров.

Прототип планируется выпустить уже в следующем году, ориентировочная стоимость составит около 100 тысяч юаней (примерно 7,5 млн тенге).

Получается, что человек создаёт себе подобных вместо природы и Бога?! Создают бездушный искусственный интеллект и запускают его вместо живого человека. Понятно, что рождённые вне тела матери вряд ли будут нормальными, полноценными детьми — вроде это суррогатная мать, но не живая женщина, а робот. А как же человеческая душа? А, может, это делается для создания биороботов, зомби, солдат для войны?! Киношные киборги оживают в реальности!?

Прогресс без духовности ведёт человечество к самоуничтожению. Сегодня планета у порога большой войны и даже ядерной — итог морально-этической деградации. Властители без духовности относятся к людям как к расходному материалу.

Это притом, что во многих странах клонирование человека, эксперименты с человеческими эмбрионами по-прежнему остаются под запретом.

И так многие земные «императоры» как боги вершили судьбами людей, лишая их жизни, загрязняли землю, водоёмы войнами, пожарами, грязными производствами, уничтожали животных и т.д. И теперь появляется возможность создания искусственным образом человекоподобных.

Если раньше людей беспокоило будущее и они переживали, что искусственный интеллект может заменить их на рабочих местах, то теперь появилась другая, более серьёзная опасность: ИИ может быть использован во вред человеку. И появляются большие во-

просы этики и безопасности: ведь при разработке искусственного интеллекта никак не учитывается нравственная сторона.

Не говоря о том, что люди чувствуют себя неуверенно из-за того, что не полностью понимают, как работает искусственный интеллект и каким он станет в будущем. И эти страхи и опасения не обсуждаются на государственном уровне. Например, не обсуждается недостаток контроля за работой искусственного интеллекта, который уже сейчас в некоторых областях превосходит умственные возможности человека, и со временем может не подчиниться своему создателю и может принять свои решения.

То есть существует риск потери контроля над автономными системами ИИ, что представляет опасность в критически важных областях, и этот аспект требует внимательного изучения в контексте этики и нравственности. Ведь преступники тоже используют ИИ в своих целях, те же телефонные мошенники.

Поэтому искусственный интеллект как инструмент для помощи людям должен быть с чёткими этическими ограничениями и принципами безопасности.


НАСКОЛЬКО СИЛЬНЫМ МОЖЕТ БЫТЬ ВРЕД ОТ ИИ?

Эта проблема давно обсуждается. Например, по мнению всемирно известного физика Стивена Хокинга, искусственный интеллект представляет угрозу для человечества: развитие полноценного искусственного разума может положить конец человеческой расе. Рано или поздно человек создаст машину, которая выйдет из-под контроля и превзойдёт своего творца. Такой разум возьмёт инициативу на себя и станет сам себя совершенствовать со всевозрастающей скоростью. Люди, по мнению Хокинга, слишком медленно эволюционируют, и они не смогут тягаться скоростью с машинами и в итоге проиграют.

Такое мнение разделяет и ряд других учёных. Тот же Илон Маск заявил, что искусственный интеллект может быть опаснее ядерного оружия и несёт серьёзную угрозу для существования человечества.

